

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2011

Назарбаев
Зияткерлік
мектептері





«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ 2011

Мазмұны:

КІРІСПЕ БӨЛІМ. ЦИФРЛЕР МЕН ФАКТІЛЕР, МӘНДІ ОҚИҒАЛАР	2
1-БӨЛІМ. ҰЙЫМ ТУРАЛЫ	8
2-БӨЛІМ. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	10
3-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ	13
4-БӨЛІМ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАР	29
5-БӨЛІМ. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ	52
6-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ҮЛГЕРІМІ	61
7-БӨЛІМ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ	78
8-БӨЛІМ. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ЖЕЛІСІН ДАМУ	82
9-БӨЛІМ. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУ	87
10-БӨЛІМ. ИНФОРМАТИЗАЦИЯЛАУ	91
11-БӨЛІМ. ЖИНАҚТАЛҒАН ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ	94
12-БӨЛІМ. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ. ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	100
13-БӨЛІМ. ИМИДЖДІ НЫҒАЙТУ	102
ҚОРЫТЫНДЫ	107



«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ЦИФРЛЕР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ

2011 ЖЫЛ

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫ 1407 АДАМДЫ ҚҰРАДЫ

(соның ішінде Зияткерлік мектептер,
ведомстволық және өкілдік ұйымдар)

ҚАЗТЕСТ БОЙЫНША ОРТАДАН ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛЕРГЕ ЖЕТКЕН ОҚЫТУШЫЛАР САНЫ

сәйкесінше 145 және 70 құрады (бұл көрсеткіш
2010 жылы 35 және 47 адам болған)

2011 ЖЫЛЫ 101 МҰҒАЛІМ IELTS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАНЫН ТАПСЫРДЫ

(бұл 2010 жылға қарағанда 65 мұғалімге артық
көрсеткіш)

МҰҒАЛІМДЕР ҮШІН ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ІШІНДЕ КУРСТАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН

оқытудың міндетті модулдері бойынша: қазақ,
ағылшын, орыс тілдері АКТ (1 795 мұғалім,
өткен жылға қарағанда 1 198 мұғалімге артық)

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДЕ 2012 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНА 4 018 ОҚУШЫ БІЛІМ АЛУДА

(оның 1482-сі 1-6- сыныптарда, ал 2 536-сы
7-11-сыныптарда)

2010-2011 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША БАРЛЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУШЫЛАР ҮЛГЕРІМІ 100%-ДЫ КӨРСЕТТІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ 662 АДАМДЫ ҚҰРАДЫ

(соның ішінде 35 шетел педагогтары немесе
жалпы мұғалімдер санының 5,3%)

TEACHING KNOWLEDGE TEST (TKT) КУРСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША

20 оқытушы сертификат алып, оның 3-і осы курс
бойынша халықаралық жаттықтырушы деп
танылды

653 АДАМ (МҰҒАЛІМДЕР МЕН ТӘЛІМГЕРЛЕР) PLACEMENT TEST ТЕСТІНЕ ҚАТЫСТЫ,

бұл - қатысушылардың (мұғалімдер мен
тәлімгерлер) 93,8% -ын құрайды (2010 жылмен
салыстырғанда, қатысу деңгейі 64%-ды көрсетті)

ШЕТЕЛДЕ 11 ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДЕ 21 БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

(шетелде 195, елімізде 3 358 мұғалім оқытылды)

2011 ЖЫЛЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ НӘТИЖЕСІНДЕ 1 350 ОҚУШЫ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРГЕ ҚАБЫЛДАНДЫ

(оқушылардың 58-і 2-6- сыныптарға, ал 1 292-сі
7-10-сыныптарға қабылданды)

2010-2011 ОҚУ ЖЫЛЫНДА 3 708 ОҚУШЫ МЕКТЕПТІ СӘТТІ БІТІРІП ШЫҚТЫ

(оның ішінде 1 190 оқушы, яғни 32,1%-ы «үздік»
оқушылар)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Емтихан	Қатысқандардың саны	Ең жоғарғы балл	Зияткерлік мектептердің нәтижесі
SAT-1	Астана-15 Көкшетау-9	2400	1586 1127
SAT-2 (2 пән)	Астана-5	1600	1236
SAT-2 (3 пән)	Астана-7	2400	2030
SET (бірінші рет)	Көкшетау-12 Семей-12	Сынақ/сынақтан өтпеген	Сынақ-9 оқушы
IELTS	Астана-34 Көкшетау-14 Семей-7	9,0	6,0
TOEFL	Астана-4	677 C1-560	583
ВСЕPT (бірінші рет)	Астана-18 Көкшетау-27 Семей-28	Сынақ/сынақтан өтпеген	Сынақ-36 оқушы

МӘНДІ ОҚИҒАЛАР

2011 ЖЫЛ

қаңтар	ақпан	наурыз
«Назарбаев Университеті», «Назарбаев зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды	- Директорлық кеңес мүшелерімен Зияткерлік мектептердің педагогикалық қызметкерлер өкілдерінің кездесуі өтті - Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасын зерттеу және қолдану бойынша жобалық топ құрылды - Зияткерлік мектептерге арналған «Үштілдік білім берудің тіл саясатын» әзірлеу мақсатында жобалық топ құрылды - Тіл саясатының жұмыс нұсқасы мен дәлелдемесі әзірленді - Дербес білім беру қызметкерлерінен құралған топ Джонс Хопкинс Университетінің (СТУ) Дарынды жастар орталығында болды. Кездесу барысында Дербес білім беру ұйымы қызметкерлеріне арналған үйрету семинарын өткізу туралы келісімге қол жетті - Назарбаев Университетінің Білім беру бағдарламалары орталығының «Сыншыл көзқарас» атты UCL (University College London) мамандары өткізетін курсқа іріктеу конкурсы өткізілді (48 мұғалім іріктелді) - Гёте - Институты және Германия елшілігімен бірлесе отырып, Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектебінде екінші шетел тілі ретінде, неміс тілінен элективтік курстар ұйымдастырылды - Дербес білім беру ұйымы қызметкерлері Нидерландының педагогикалық өлшеу институтында (Cito) болып, кездесу барысында оқушылар мен мұғалімдерді конкурстық іріктеу және оқушылардың оқудағы жетістіктерін мониторингілеу жүйесін құру туралы мәселелер талқыланды	- Кембридж университетінің Халықаралық Емтихандық Кеңесімен (CIE) меморандум жасау және UCL университетімен (University College London) болашақтағы ынтымақтастық мәселелерін талқылау бойынша кездесу өтті - АҚШ-тағы Джонс Хопкинс Университетінің (СТУ) Дарынды жастар орталығы өкілдері Дарынды жастармен жұмыс істеу орталығының тәжірибесін көрсетті «Оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау үшін критерийлік жүйені қолдану» атты ішкіжүйелік семинар өткізілді - Физика пәні бойынша Наурыздық кездесулер өткізілді - Демалыс уақытындағы мектеп жұмысы, жеке-дара консультация жүргізу, көктемгі демалыс уақытында жалпы білім беру мектептері оқушыларының жұмысын рецензиялау ұйымдастырылды - Халықаралық Бакалавриат кеңсесіне (School information Form) мектеп туралы ақпарат жіберіліп, www.ibis.ibo.org сайтына тіркеу жасалды

сәуір	мамыр	маусым
- Зияткерлік мектептер делегациясы Халықаралық Бакалавриат бағдарламасымен танысу мақсатында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Халықаралық Бакалавриатының 5-ші жыл сайынғы Мектептер қауымдастығы конференциясының жұмысына қатысты. Сонымен қатар, жоғарыда аталған мәселе бойынша IBSCA (International Baccalaureate School & College Association) ұйымының Оксфордта (Ұлыбритания) оқытуы ұйымдастырылды - Зияткерлік мектептер тәжірибесін тарату жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берілген Мемлекет басшысының тапсырысын орындау мақсатында педагогикалық кадрларды дайындау, біліктілігін арттыру жүйесі бойынша тәсілдерді және Педагогикалық шеберлік орталығын құруы құпталды	- Кембридж университетінің Халықаралық Емтихандық Кеңесімен (Cambridge International Examinations) Зияткерлік мектептердің тәжірибелік ықпалдастырылған оқу бағдарламаларын жетілдіру және оларды халықаралық тәсілдерге сәйкестендіру бойынша келісімге қол қойылды - Арнайы оқу орындарындағы мен пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер қорымен (SSAT-Specialist Schools and Academies Trust) өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды - SSAT-мен (Specialist Schools and Academies Trust) бірлесе отырып, халықаралық деңгейдегі жоғары білікті мамандарға, атап айтқанда Ұлыбритания, АҚШ, Жаңа Зеландия, Канада, ОАР және басқа елдердің пән мұғалімдеріне іріктеу конкурсы жүргізілді - UPENN Университетінің докторы, халықаралық кеңесші - Шэрон Рэвитчпен (АҚШ) білім беруді сапалық қамтамасыз ету мәселесі бойынша семинар ұйымдастырылды - Ресей Федералдық даму институты сарапшылары Мектеп директорлары орынбасарлары мен тәлімгерлеріне арналған «Зияткерлік мектептердегі тәрбие беру жүйесіне тұжырымдамалық тәсілді қолдану» атты курсы өткізілді - Зияткерлік мектептердің мұғалімдері Қазақстан Республикасы математика мұғалімдерінің I Съездіне қатысып, мастер-класс көрсетті «Назарбаев Зияткерлік мектептері» акционерлік қоғамын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымына қайта ұйымдастыру бойынша жұмыстар жасалды	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданды «Назарбаев Зияткерлік мектептері» акционерлік қоғамы акцияларының күшін жоюға байланысты шаралар жүргізілді «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Жарғысы бекітілді - Дербес білім беру ұйымының Жоғары Қамқоршылық кеңестің бірінші отырысы өткізілді - Жоғары Қамқоршылық кеңесі туралы Ереже бекітілді - Дербес білім беру ұйымдары Қамқоршылық кеңесі мүшелері тағайындалды - Жоғары Қамқоршылық кеңес Дербес білім беру ұйымының стратегиялық бағыттарын мақұлдады - Дербес білім беру ұйымының стратегиялық әріптестерімен кездесулер өтті. Олар: Кембридж университетінің Халықаралық Емтихандық Кеңесі (CIE), Джонс Хопкинс Университетінің (CTU) Дарынды жастар орталығы, Арнайы оқу орындарындағы мен пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер Қоры (SSAT), Білім саласындағы өлшеу Институты (CITO) және Ресей Мемлекеттік Университетінің арнайы мамандандырылған оқу-ғылыми орталығы. Сонымен қатар бұл кездесуге Британдық кеңестің, Queen's пен Ulster (Солтүстік Ирландия) Университеттерінің өкілдері де қатысты - Дербес білім беру ұйымы және Педагогикалық өлшеу институты (CITO Нидерланды) арасында оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау жүйесін құруды іске асыруға бағытталған өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды - Критерийлік бағалау Тұжырымдамасын енгізуді талқылау бойынша мұғалімдерге арналған семинар өткізілді - Демалыс уақытындағы мектеп жұмысы, жеке-дара кеңес жүргізу, жазғы демалыс уақытында жалпы білім беру мектептері оқушыларының жұмысын рецензиялау жұмысы ұйымдастырылды

шілде	тамыз	қыркүйек
- Кембридж университетінің Халықаралық Емтихандық Кеңесі және қазақстандық мамандармен бірге білім беру бағдарламаларының негізгі принциптерін талқылау, әзірлеу және бекіту бойынша жұмыс семинары өткізілді - Кембридж Университеті мамандарымен бірлесе отырып, Зияткерлік мектептердің құрылымын, стратегиялық негіздерін, құндылықтар мен мақсатты, білім беру саласы бойынша күтілетін оқу нәтижелерін анықтайтын Зияткерлік мектептердің білім беру бағдарламаларының жобасы дайындалды - Мұғалімдерге ағылшын тілін қарқынды оқыту курстары өткізілді (Кентербери, арнайы мамандандырылған Академия мектептері Қоры, Ұлыбритания) - Колмогоров атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетінің арнайы мамандандырылған оқу-ғылыми орталығы сарапшыларымен «Биология саласындағы қазіргі заманғы мәселелер», «Жасушалық биология, молекулалық биология және биохимия саласындағы білімдерді талдап қорыту» атты биология және химия пәндері мұғалімдеріне арналған дистанциялық курстар өткізілді - Дербес білім беру ұйымы Қамқоршылық кеңесінің Ережесі бекітілді - Дербес білім беру ұйымы Қамқоршылық кеңесімен Басқарма туралы ереже бекітілді - Қамқоршылық кеңеспен Салынып жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептері дирекциясын құрылуы мақұлданды	2011-2012 оқу жылы басталарда, бірінші рет Зияткерлік мектептер педагогикалық қызметкерлерінің тамыз конференциясы өтті - Республикалық педагогикалық форум аясында «Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру» атты облыстық біліктілікті арттырудың институттарына, жеке білім беру ұйымдарына, ата-аналар қауымдастығына, Үкіметтік емес ұйымдарға, республикалық білім беру ұйымдарына арналған секция ұйымдастырылды - Джонс Хопкинс Университетінің (СТУ, АҚШ) Дарынды жастар орталығында мұғалімдерге арналған біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды - Дербес білім беру ұйымы Басқармасының шешімімен «Педагогикалық шеберлік орталығы» жеке мекемесі және «Салынып жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептері дирекциясы» жеке мекемесінің Жарғылары бекітілді	- Өзара сенім және тең құқықтық ынтымақтастық принциптері негізінде Женевадағы (Швейцария) Халықаралық Бакалавриат Ұйымымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды «Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына арналған физика, математика, химия және биология пәндерінен онлайн сабақтар» және «Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критерийлік бағалау бойынша онлайн семинарлар» атты жаңа жобалар іске қосылды - Bell (Bell Education Trust) халықаралық сарапшыларымен Зияткерлік мектептер оқушыларына жазғы мектеп мәселесін ұйымдастыру мақсатында кездесу өтті - оқу жоспарының 12 пәні бойынша, физика-математикалық бағытта оқытатын мектептердің 7- сыныптарында, химия-биология бағытында оқытатын мектептердің 8- сыныптарында критерийлік бағалауды енгізу басталды

қазан	қараша	желтоқсан
• Швецияның Стокгольм қаласында әдістемелік бірлестіктер және директорлар орынбасарларына арналған «Мектепшілік басқару» атты курсы ұйымдастырылды • Ресейдің, Тәжікстанның және Қырғызстанның Білім министрлері Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне келіп қайтты. Сапар барысында Даму стратегиясымен, жаңа онлайн жобалармен, (онлайн сабақтар және семинарлар) Педагогикалық шеберлік орталығының жұмыстарымен, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесімен танысты • Джонс Хопкинс (АҚШ) Университетінің Дарынды жастар орталығы әзірлеген психометриялық қабілеттілігін бағалайтын құралдарды қолдану арқылы Орал қаласындағы Зияткерлік мектепке оқушылардың іріктеу конкурсы өткізілді	• Астана қаласындағы Зияткерлік мектеп Халықаралық Бакалавриаттың (ХБ) - International Baccalaureate (IB) Дипломдық бағдарламасының кандидаты мәртебесін алды • «Назарбаев Зияткерлік мектептері 2011 жылдың үздік мұғалімі» атты конкурс ұйымдастырылды • FIF Technologies LLP, Сингапур қаласында Дербес білім беру ұйымының профильдік пән ұстаздарына «Проблемалық оқыту» атты біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды • Дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі отырысында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы» мақұлданды	• Зияткерлік мектептерде педагогикалық шеберліктің кіші орталықтары құрылды • «Мұғалімнің кәсіби дамуы: Дәстүрлер және өзгерістер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді • Зияткерлік мектептер оқушылары «Зияткер - ұлт болашағы» атты форумға қатысып, форумға қатысушыларды өздерінің ғылыми жобаларымен таныстырды • Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасының талаптарын ескере отырып, жобалық топ негізгі және жоғары мектепке арналған 23 оқу бағдарламасын әзірледі • Кембридж Университетімен 2012 жылға білім беруде қызмет көрсету келісімшартына қол қойылды • Дербес білім беру ұйымы оқушылар арасында өткізілген «Discover Kazakhstan» - «Қазақстанды таны» эссе конкурсын қорытындылады • Жаңа корпоративтік стиль әзірленді • HIFAB Университетінде (Швеция) «Жеке тұлғаға бағытталған білім беру және пәндерді біріктіруді ұйымдастырудың принциптері» атты біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды • Зияткерлік мектеп мұғалімдеріне International House Belfast, Солтүстік Ирландияда «Ағылшын тілін қарқынды оқыту» атты біліктілікті арттыру курсы өткізілді • Кембридж университетімен бірлесе отырып, жалпы білім беру мектеп мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттырудың үшінші деңгейлі білім беру бағдарламасы әзірленді • Педагогикалық шеберлік орталығына және мұғалімдердің біліктілігін арттыру республикалық құрылымына арналған жаттықтырушыларды конкурс арқылы іріктеу ұйымдастырылды

1-БӨЛІМ. ҰЙЫМ ТУРАЛЫ

Инновациялық білім бағдарламалары мен ғылыми жобаларды жүзеге асыруға қажетті білім саласына заманауи басқару түрін енгізу, академиялық еркіндік пен дербестікті жетілдіру үшін, 2011 жылдың 19 қаңтарында «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Аталған Заңға байланысты дербес білім беру ұйымдарын басқаратын жаңа институт құрылды.

Сонымен, Дербес білім беру ұйымының басқару органдары:

- 1) жоғары басқарушы органы - «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» Жоғары Қамқоршылық кеңес (бұдан әрі - Жоғары Қамқоршылық кеңес);
- 2) басқарушы орган - Қамқоршылық кеңес;
- 3) атқарушы орган - Басқарма.

Жоғары Қамқоршылық кеңестің құрамы:

Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы	Қазақстан Республикасының Президенті, Жоғары қамқоршылық кеңестің Бірінші төрағасы
Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы	Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Мусин Аслан Есболайұлы	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы
Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары
Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
Катсу Шигео	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының ректоры (президенті)

Қамқоршылық кеңестің құрамы:

Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Қамқоршылық кеңестің төрағасы
Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы	Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары
Әшімбаев Мәулен Сағатханұлы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Кармазина Лена Мағауияқызы	Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі
Сарыбеков Махметғали Нұрғалиұлы	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице- министрі
Болл Эрл Джон	Пенсильвания Университеті (АҚШ) жетекшілік мектебі бағдарламасының директоры
Сәрінжіпов Аслан Бәкенұлы	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы Атқарушылық кеңесінің төрағасы
Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Басқарма төрайымы

Басқарма құрамы:

Шәмшидинова Күләш Ноғатайқызы	Басқарма Төрайымы
Аюбаева Нәзипа Алтынбекқызы	Басқарма Төрайымының орынбасары
Мұратбаева Шолпан Әнуарбекқызы	Басқарма Төрайымының орынбасары
Жәменков Руслан Ахметжанұлы	Басқарма Төрайымының орынбасары
Қазжанова Әйгүл Өмірқызы	Басқарушы директор
Манапов Нұралы Шораұлы	Басқарушы директор
Сұлтанов Қайрат Сексенбайұлы	Басқарушы директор - Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры



2-БӨЛІМ. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Дербес білім беру ұйымы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметі актілерін, басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар Дербес білім беру ұйымның Жарғысын басшылыққа алады.

2011 жылы атқарылған жұмыстар

Аталған Заңды іске асыру үшін, акционерлік қоғамды дербес білім беру ұйымына қайта құру жұмыстары атқарылып, бірқатар құқықтық нормативтік актілер әзірленіп, қабылданды:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымын құру туралы 2011 жылдың 9 маусымындағы №647 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік меншік және жекешелендіру комитетімен 2011 жылдың 13 маусымында №406 Дербес білім беру ұйымының Жарғысы бекітілді;
- Дербес білім беру ұйымы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» құзыретін кеңейтумен байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 мамырдағы №317 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Өркен» білім беру грантының көлемі мен гранттарды беру Ережесіне өзгерістер енгізілді;
- акциялардың күшін жою бойынша шаралар атқарылды, 2011 жылдың 13 маусымындағы №А5671 куәлік.

Келесі құқықтық актілер әзірленіп, бекітілді:

- Дербес білім беру ұйымының Басқармасы мен Қамқоршылық кеңесі туралы ережелер;
- мүлікке билік ету ережесі;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының Тұрғын үй қоры туралы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының педагогикалық қызметкерлеріне қызметтік тұрғын жай беру тәртібі туралы ереже;
- Дербес білім беру ұйымы тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу ережесі;
- жосықсыз өнім берушілер тізімін жүргізу ережесі;
- Дербес білім беру ұйымы департаменттерінің ережелері мен Дербес білім беру ұйымы қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;
- Дербес білім беру ұйымы қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану ережесі;

- Құжаттау және құжаттарды басқару ережесі;
- Дербес білім беру ұйымы педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау (қызметтік баға) ережесі;
- Дербес білім беру ұйымындағы еңбекақы жүйесі туралы ереже;
- Оқушылардың ағымдық үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестация ережесі;
- Талдықорған қаласындағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» филиалына оқушыларды 1-6 сыныптарға қабылдау ережесі;
- Жалпы білім беру мектептері мұғалімдеріне «Онлайн семинарлар» жүргізу ережесі;
- Жалпы білім беру мектептері оқушыларына «Онлайн сабақтар» жүргізу ережесі;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» оқушыларының Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Discover Kazakhstan» эссе конкурсын өткізу ережесі.

Дербес білім беру ұйымы ұйымдастыру құрылымын өзгерту және жетілдіру бойынша жұмыстар жасалды (ұйымдастыру құрылымы 2011 жылдың 28 маусымында Дербес білім беру ұйымы Басқарма отырысының №1 хаттамасымен бекітілді).

Жүргізілген функционалдық талдау нәтижесі бойынша Дербес білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің ережелеріне және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына өзгерістер енгізілді.

«Салынып жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептері дирекциясы» жеке мекемесі және «Педагогикалық шеберлер орталығы», сонымен қатар филиалдар мен өкілеттіктер сияқты Дербес білім беру ұйымының Еншілес ұйымдарын құру үшін қажетті құжаттар әзірленіп, бекітіліп, уәкілетті органдарда тіркелді. Жоғарыда аталған жеке мекемелердің Жарғылары Дербес білім беру ұйымы Басқармасының 2011 жылғы 5 тамыздағы №7-шешімімен бекітілген.

Дербес білім беру ұйымының негізгі тапсырмалары мен мақсаттарын жүзеге асыру үшін, келесі стратегиялық әріптестермен меморандумдар жасалды:

Оқытушы құрамның кәсіптік дамуын, инновациялық білім беру мектеп бағдарламаларының әзірлемелерін ұсынатын Кембридж Университетінің халықаралық емтихандық орталығымен (2011 жылдың 9 наурызы);

Инновациялық, эксперименталдық білім ортасын құратын мектептер желісін дамытып, оқытушылардың кәсіптік дамуын жүзеге асырып, жазғы уақытта үйрету бағдарламаларын ұйымдастыру және қызметкерлер құрамын іріктеуді көздеп, Пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептер және арнайы оқу орындары қорымен (SSAT). (2011 жылдың 25 мамыры);

Джонс Хопкинс Университетінің Дарынды жастар орталығымен (STY), ынтымақтастықтың негізгі бағыты - дарындылықты бағалауға арналған психометриялық құралдарды қолдана отырып, жаратылыстану-математика ғылымдарын үйренуге машық оқушыларды іріктеу жүйесін құру, жазғы лагерлер жұмысын және онлайн курстар ұйымдастыру, оқытушылар біліктілігін арттыру (2011 жылдың 13 маусымы);

Оқушыларды конкурстық іріктеу жүйесін құруды, білімдегі жетістіктерді мониторингілеу жүйесін, тестология бойынша кадрлар дайындауды көздейтін Білім саласындағы өлшеу Институтымен (CITO), (2011 жылдың 22 маусымы)

Аталған меморандумдарды жүзеге асыруда, Дербес білім беру ұйымының құқығын қорғау үшін, зияткерлік жағына ерекше көңіл бөлген стратегиялық әріптестермен келісімшарттар бекітілді.

Сонымен қатар, өзара сенім мен теңқұқылы ынтымақтастық принциптері негізінде, 2011 жылдың 21 қыркүйегінде Дербес білім беру ұйымы мен Халықаралық Бакалавриат Ұйымы арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Аталған меморандум бойынша, ынтымақтастықтың негізгі бағыттары - әлеуметтік даму мен сапалы орта білім беру саласындағы тәжірибе алмасу болып табылады.

Басқа да шетелдік және отандық әріптестермен келісімшарттар жасалғанда Дербес білім беру ұйымының көзқарасын қорғау қамтамасыз етілген. Дербес білім беру ұйымының көзқарасын сот органдарында қорғау жағы да жүзеге асырылған. 2011 жыл ішінде, Дербес білім беру ұйымы 7 сот процесіне қатысып, барлық дауларға байланысты сот шешімі Дербес білім беру ұйымына оңтайлы шешілді.

Мектептерді басқарудың жаңа моделін, сонымен қатар мектептер қызметін жоспарлайтын жаңа жоспарлау институтын ескере отырып, Дербес білім беру ұйымында Америка құрама штаттары тәжірибесімен танысуға арналған семинар ұйымдастырылды. (Пенсильвания штаты, Филадельфия қаласы). Айтылған семинардың модераторы - Пенсильвания Университеті (UPENN) болды. Семинар 2011 жылдың 6 -12 ақпаны аралығында өтті.

Бұл семинарда Дербес білім беру ұйымының қызметкерлері дербес білім беру ұйымын басқарудағы негізгі әдістермен танысты, яғни, міндетті анықтау, басқару органдарын құру (Мектептердің Қамқоршылдық кеңестері), Атқарушы органдар жұмысы, басқарушы органдар арасындағы өзара қатынасы туралы мәселелер және т.б.

Толыққанды құқықтық қамтамасыз ету үшін, құқықтық базаны және басқа елдер тәжірибесін үйрену мақсатында Дербес білім беру ұйымының қызметкерлері 2011 жылдың 21-25 қарашасы аралығында Санкт-Петербург қаласында өткен «Білім беру мекемелерін құқықтық реттеу» атты семинарға қатысты. Аталған семинар шеңберінде соттық практика, заң базасы, регламентті кадрлық қамтамасыз ету, ақылы білім беру қызметтерін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, білім беру мекемелерінің мүлкіне иелік ету мәселелері талқыланды.

2012 жыл жоспарлары

2012 жылы Дербес білім беру ұйымының заңдарды жүзеге асыру іс-шаралары мен құқықтық қамтамасыз ету қызметі жұмысын жалғастыру көзделген. Дербес білім беру ұйымының білім беру қызметін ұйымдастыру, сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - «Өркен» грантына үміткерлерді конкурстық іріктеу; Жазғы мектеп жұмысы; педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау (қызметтік баға); қабылдау және ауыстыру; ішкі тәртіп және т.б. байланысты құжаттар әзірленіп, бекітуге беріледі.

Дербес білім беру ұйымының қызметін қамтамасыз ету мақсатында Ірі келісімдердің өлшемдері мен оларды жасасу тәртіптері әзірленіп, Қамқоршылық кеңестің қаралуына беру жоспарлануда.

Дербес білім беру ұйымының зияткерлік меншігін қорғау бойынша және басқа да мәселелер бойынша жұмыстар үнемі жүргізіліп отырады.

3-БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ

Дербес білім беру ұйымының 2020 жылға арналған Стратегиялық дамуына сәйкес, екі білім беру үлгісі жүзеге асуда.

Бірінші білім беру үлгісі - жаратылыстану-математика бағытындағы тәжірибелі ықпалдасқан білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Білім беру бағдарламасы), Зияткерлік мектептерге енгізу үшін әзірленуде. Жаңа тәжірибелі ықпалдасқан білім беру бағдарламасы және пәндер бойынша оқу бағдарламалары Зияткерлік мектептерге енгізіліп, ресми мақұлданғаннан кейін, Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесіне енгізіледі.

Екінші білім беру үлгісі - Халықаралық Бакалавриаттың (Бұдан әрі - Халықаралық Бакалавриат) принциптері мен ұйымдастыру философиясына сәйкес, негізгі және жоғары мектептер бағдарламаларын жүзеге асырады. Аталған үлгі Астана қаласындағы Зияткерлік мектепті авторизациялауды көздейді. Халықаралық Бакалавриаттың бағдарламаларын енгізу мен авторизациялау Зияткерлік мектептің ең үздік, алдыңғықатарлы тәжірибе мен практикасы бар білім беру бағдарламасын ұсынып отырған халықаралық мектептер жүйесіне кіруін қамтамасыз етеді.

3.1. Тәжірибелік ықпалдасқан білім беру бағдарламасы және ықпалдасқан оқу бағдарламалары

2011 жылы атқарылған жұмыстар

Бірінші білім беру үлгісі аясында 2011 жылы тәжірибелі ықпалдасқан білім беру және оқу бағдарламаларын жетілдірудің III кезеңі жүзеге асырылды.

Дербес білім беру ұйымы 2010 жылдың 27 желтоқсанында №268/1/ОД бұйрығымен тәжірибелік оқу бағдарламаларын жетілдіретін білім беру жұмыстары бойынша Дербес білім беру ұйымы қызметкерлері мен оқытушылары қатарынан арнайы Жобалық топ құрылды (бұдан әрі - Жобалық топ). Жобалық топ 2011 жылдан бастап, Дербес білім беру ұйымының білім беру бағдарламасы моделі бойынша дайындық жұмыстары жүргізіп келді.

Дербес білім беру ұйымының білім беру бағдарламасы моделінің жобасы Дербес білім беру ұйымы тобы мен Кембридж Университетінің Халықаралық Емтихандық Кеңесімен (бұдан әрі - Кембридж Университеті) анықталды. Бірлескен жұмыстар аясында бірқатар үйретуші семинарлар өткізілді.

2011 жылғы маусымда өткен семинардың басты мақсаты - Дербес білім беру ұйымының білім берудің әрбір деңгейіне байланысты, оның ішінде үштілділік пен бағалау жүйесі бойынша білім беру жүйесінің негізгі принциптерін талқылау, әзірлеу және бекіту болды. Семинардың нәтижесі - Дербес білім беру ұйымының стратегиялық негіздерін, құрылымын, құндылықтарын, машықтар мен мақсаттарын анықтайтын білім беру салаларында күттіретін оқудағы нәтижелер және т.б. анықтайтын білім беру бағдарламасының жобасы болды.

2011 жылы шетелдік әріптеспен бірге әзірленіп, қабылданған шешімдер Зияткерлік мектептердегі білім беру бағдарламасының мазмұнын дамытуға жүйелік, кезеңдік әдістерді көрсетеді: білім беру бағдарламаларының моделін, бағалау жүйесі және оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін негіздемелік үлгілерді анықтау.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЕГІЗ:

- ең жақсы ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ білім беру модельдерін ықпалдастыру;
- жаратылыстану-математикалық бағытында үш тілде білім алуға қабілетті оқушыларға ТЕҢ ДӘРЕЖЕЛІ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ принципін жүзеге асыру;
- Қазақстандық оқушыларға ӘЛЕМНІҢ КЕЗ-КЕЛГЕН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫҢДАРЫНА ОҚУҒА ТҮСУГЕ мүмкіндік беретіндей Қазақстандағы білім сапасын және оқушылар жетістіктерінің деңгейін жоғарылату;
- Білім беру стандарттары деңгейі есебінен ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУға үлес қосу;
- ПӘН ДЕҢГЕЙІНДЕ ЫҚПАЛДАСТЫРУ (ғылым, әлемді тану, өнер, тіл және әдебиет, қазіргі заманғы Қазақстан және тағы басқалар)

МИССИЯ	ЗИЯТКЕРЛІ АЗАМАТТЫҢ ДАМУЫНА ҰМТЫЛУ:	
	қоғам өрлеуі үшін ӨЗ БІЛІМІН ҚОЛДАНА БІЛЕТІН, сындарлы және жаңашылды ойлай алатын және рухы күшті, АҚЫЛ ӘЛЕУЕТІ ЖАҒАРЫ адам.	
ҚҰНДЫЛЫҚТАР	Жасампазды және сындарлы ойлайтын	Салауатты, жылы шырайлы және қамқорлы
	Тіл тапқыш	Жауапты
	Мәдениет пен көзқарасты құрметтейтін	Бүкіл өмір бойы білім алуға дайын
МАШЫҚТАР	СЫНДАРЛЫ ОЙЛАУ	МӘСЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ икемділік
	Білімін ЖАСАМПАЗДЫҚПЕН қолдана білу	
	ЗЕРТТЕУ машықтары	
	АКТ машықтары	
	ТОППЕН БІРЛЕСІП ЖӘНЕ ЖЕКЕ жұмыс істей алатын	
	КОММУНИКАТИВТІК қабілеттер (тіл қабілеттер бірге)	

Білім беру бағдарламасы саласындағы стратегиялық әріптестермен жұмыстағы негізгі бағыттар:

1. бағдарлама моделі мен бағалау моделін әзірлеу;
2. пәндер бойынша оқу бағдарламаларына арнап, негіздемелік үлгілер әзірлеу;
3. негізгі және жоғары мектептерге арналған математика, ғылым және ағылшын тілі бойынша негіздемелік үлгілерді толықтыру және оқу бағдарламаларын толықтыру.

1 - бағыт

Білім беру бағдарламасы

1-кесте. Білім беру бағдарламасы және пәндері сатылап оқыту бағдарламасының құрылымының жобасы

Фаза	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Жоғары мектеп
Сынып	1 сынып - 5 сынып	6 сынып - 10 сынып	11 сынып - 12 сынып
Жасы	6 жас - 11 жас	11 жас - 16 жас	16 жас - 18 жас
Пән	математика	математика	математика, статистика
	ғылым	биология, физика, химия	биология, физика, химия
	біріктірілген ана тілі және әдебиеті	бөлінген ана тілі және әдебиеті	ана тілі
	екінші тіл	екінші тіл	екінші тіл
	ағылшын тілі	ағылшын тілі	ағылшын тілі
	АКТ	информатика	Информациялық технологиялар
	әлемді тану	география, тарих, құқық негіздері	география, Қазақстан заманауи әлемде
	өзін-өзі тану	өзін-өзі тану	өзін-өзі тану
	дене тәрбиесі	дене тәрбиесі	дене тәрбиесі
	өнер	өнер	
	элективті пәндер	элективті пәндер	
	сыныптан тыс сабақ	сыныптан тыс сабақ	сыныптан тыс сабақ

Орта білім берудің қолданыстағы үлгісіне (стандарт) қарағанда, жаңа білім беру бағдарламасында білім беру мазмұнын анықтаудың заманауи үрдісіне сәйкес, бағдарламада келесілер қарастырылған:

1. Бастауыш мектеп	• Бастауыш мектептің ұзақтығын 4 жылдан 5 жылға дейін ұлғайту; • «Ғылым» пәнін жеке пән ретінде енгізу; • «Әлемді тану» пәнінде тарих пен географияға фокус; • Тіл мен мәдениетті біріктіру. • Тілді оңайынан бастап күрделендіре оқыту.
1. Негізгі мектеп	• 6-сыныптан бастап биологияны, химияны және физиканы енгізу; • Информатикаға біріктірілген графикалық жобалау; • «Құқық негіздері» пәнін тек 9-сыныптан бастап; • Барынша ерте жастан бастап толығынан ағылшын тілінде оқытуға көшу.
1. Жоғары мектеп	• Әрбір оқушы үшін пәндер санын барынша қысқарту; • Тереңдетілген және стандартты деңгейлерде оқытылатын пәндер; • Оқушыларды таңдау элементі; • «Жобалау жұмысы» пәнін енгізу; • Жоғары оқу орындарына түсуге дайындық.

Бағалау үлгісі

Білім беру бағдарламасын әзірлегенде, бағалау үлгісі де әзірленді. Жаңа оқу бағдарламаларын енізуге байланысты сыныптар мен пәндер анықталды:

- суммативті бағалау -, білім берудің Тәуелсіз ұйымдары жүргізетін 5,10,11 және 12- сыныптардан кейінгі мектепке қарағанда сыртқы бағалау;

- формативті бағалау- мектептегі мұғалімдер жүргізетін ағымдық бағалау;

- ата-аналар үшін оқушылардың жетістіктері туралы есеп - бағамен бағаланбайтын, меңгерген пәндер бойынша.

2- бағыт

Келесі бөлімдерден тұратын пәндер бойынша Оқу бағдарламаларын әзірлеуге арналған негіздемелік үлгі әзірленді:

- Пәннің білім беру бағдарламасындағы маңыздылығы.
- Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты.
- Үш тілдік саясатты жүзеге асыру.
- Оқу процесіне байланысты пән бойынша талаптарды баяндау.
- Оқу процесін ұйымдастыруға байланысты педагогикалық әдістер.
- Мәдениет пен пікірлердің әртүрлілігіне құрмет қалыптастыру.
- Сандық технологияларды қолданудағы біліктілік.
- Коммуникативтік машықтарды дамыту.
- Бағалау әдістері.
- Бағдарлама мазмұны, ұйымдастыру және пән бойынша қолдану.

3- бағыт

Үшінші бағыт аясында Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша бастауыш, орта және жоғары мектептерге арналған математика, ғылым, химия және ағылшын тілі бойынша оқу бағдарламаларын және негіздемелік үлгілерді толықтыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл жұмысқа 2011 жылдың қазанында өткен халықаралық және отандық әзірлеушілердің жұмыс семинары ықпалын тигізді.



2011 жылдың 15 желтоқсанында Жобалық топ Кембридж Университетінен келген әріптестермен бірге 9 оқу бағдарламасының алғашқы нұсқасының толықтырылуын, салыстыруын және әзірлеуін аяқтады.

1. бастауыш мектепке арналған математика, ғылым және ағылшын тілі бойынша;
2. негізгі мектепке арналған математика, химия және ағылшын тілі бойынша;
3. жоғары мектепке арналған математика, химия және ағылшын тілі бойынша.

2-кесте. Жаңа оқу бағдарламаларына өту схемасының жобасы

Оқу жылдары	Сынып	Бастауыш мектеп					Негізгі мектеп					Жоғары мектеп	
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	2012-2013												
2	2013-2014												
3	2014-2015												
4	2015-2016												
5	2016-2017												
6	2017-2018												
7	2018-2019												
8	2019-2020												
9	2020-2021												
10	2021-2022												
11	2022-2023												
12	2023-2024												
13	2024-2025												


* Талдықорған қаласын қоспағанда Зияткерлік мектептері үшін бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламалары енгізілмейді.

Білім беру бағдарламасын және пәндер бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу жұмысын жетілдіруге және жаңа үлгіні енгізуге мұғалімдердің ықпалын тигізуге арналған бұдан кейінгі жұмыстар үшін, 2011 жылдың 7 желтоқсанында Кембридж Университетімен, 2012 жылы білім беруде қызмет көрсету келісіміне қол қойылды.

Дербес білім беру ұйымның қызметкерлерімен білім беру саласындағы отандық және шетелдік тәжірибеге үнемі әртүрлі зерттеулер жүргізу арқылы, кейбір өзгерістерді енгізуге негіздемелер ұсынылады.

Басты негіздемелердің бірі - бастауыш мектепте оқу мерзімінің ұзақтығы бойынша дайындалды.

1-сурет. Оқу мерзімі ұзақтылығының негіздемесі



Дүниежүзілік білім берудің негізгі үрдістерін анықтау бойынша жұмыстар жалғасуда (білім беру бойынша ОЭСР, ЮНЕСКО, IB материалдары, Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, Сингапур, Финляндия және т.б. елдердің тәжірибелері). Сонымен бірге, осы мақсатта Дербес білім беру ұйымының қызметкерлері бірқатар конференциялар мен семинарларға қатысты.

2012 жылға арналған жоспарлар

Кембридж Университетімен жасалған келісім бойынша 2012 жылы алты бағыт бойынша жұмыс жоспарлануда.

1-бағыт - Пәндер бойынша оқу бағдарламалары

Бұл бағыт аясында Дербес білім беру ұйымы Кембридж Университетімен бірге әзірлеген негіздемелік үлгіге сәйкес, қалған пәндер бойынша қайта қарау және жетілдіру жұмыстары жалғастырылады. Оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу бойынша ресми мақұлдау, бағалау және үнемі қолдау көрсету жұмыстары жыл бойына жалғаса береді.

2-бағыт - Мұғалімдерге арналған оқу жоспарлары мен басшылық құралдары

Білім бағдарламаларын өзгерту бойынша іс-шараларды қолдау мақсатында екінші бағыт аясында, Дербес білім беру ұйымының мұғалімдері халықаралық консультанттармен бірге мұғалімдерге арналған оқу жоспарлары мен басшылық құралдарын әзірлейді. Мұғалімдерге арналған оқу жоспарлары мен басшылық құралдарының үлгісі мен мазмұны келісіледі.

3-бағыт - Пәндік дайындық және мұғалімдерге көмек

Сонымен қатар, үшінші бағытта мұғалімдерге арналған басшылық құрал мен жаңа оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша тренингтік көмек бағдарламасы әзірленеді. 1, 2, және 3-бағыттар бір-бірімен тығыз байланысты және олардың барлығы үштілдік саясатты жүзеге асыру іс-шараларын қамтыған.

4-бағыт - бағалауды анықтайтын және қалыптастыратын және мүмкіндіктерді дамытатын үлгі

Төртінші бағыт Зияткерлік мектептердегі жаңа білім беру бағдарламаларына сәйкес бағалау үлгісін әзірлеуге көзделген.

5-бағыт - инновациялар мен мектептің әлеуметтік іскерлігін дамытуға жәрдемдесу

Бесінші бағытқа білім бағдарламасы мен бағалаудың жаңа үлгісін сәтті енгізуге көмек болатын бірқатар іс-шаралар кіреді. Білім беру бағдарламасы мен бағалау үлгісі ұзақ уақыт бойы жаңарып отыратындықтан, Кембридж Университеті мұғалімдерге көмек көрсету бағдарламасын әзірлейді. Зияткерлік мектептерде әлеуметтік іскерлік саласындағы жұмыстарды жүргізу шаралары үшін, зерттеу жобасы болады.

6 -бағыт - Мектепті сырттай бағалау

Алтыншы қорытынды бағытта Зияткерлік мектептерді сырттай бағалау мен аталған үлгіні ресми мақұлдау әдісін әзірлеу жоспарлануда.

Бұл шаралар Зияткерлік мектептердегі Білім бағдарламасын жүзеге асыруға, сонымен қатар, 2012-2013 оқу жылының оқу бағдарламаларын ресми мақұлдауға бағытталған.

3.2. Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы

Халықаралық Бакалавриат - ЮНЕСКО-да және Еуропа Кеңесінде консультативті мәртебеге ие халықаралық үкіметтік емес білім беру ұйымы. Аталған ұйым құрамына әлемнің 130-дан астам елінен 3000-ға жуық мектеп кіреді. Халықаралық Бакалавриат дипломын әлемнің 102 елінің (соның ішінде, Оксфорд, Кембридж, Гарвард, Йель, Сорбонна, Лондон экономика мектептері, т.б.) 1300-ден астам университеттері мойындаған. Халықаралық Бакалавриаттың негізгі ұстанымдарының бірі сын тұрғысынан ойлауға, екі және бірнеше тілде нәтижелі сұхбат құруға қабілетті, халықаралық қауымдастыққа икемді тұлға тәрбиелеу.

2011 жылы атқарылған жұмыстар

2011 жылдың 5 қаңтарында Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасын үйрену мен енгізу үшін Жобалық топты қалыптастыру және жинау басталды.

Аталған Жобалық топ келесі бағыттарда жұмыс істеді:

- мұғалімдерді іріктеу;
- Жобалық топтың мақсаты мен тапсырмасын анықтау;
- үйретуші семинарларды ұйымдастыру және өткізу;
- құжаттарды рәсімдеу және Халықаралық Бакалавриаттың кеңсесіне жіберу;
- Халықаралық Бакалавриат бағдарламасының тәжірибелерін оқытушыларын тарту;
- меморандумға қол қою;
- оқу бағдарламалары мен басқа да құжаттарды әзірлеу.

Мұғалімдерді іріктеу. Жоба жұмысы үшін Астана, Семей, Талдықорған және Көкшетау қалалары Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері іріктеліп алынды. Сонымен қатар, басқа да мектептер мен ұйымдардың мұғалімдері мен қызметкерлерімен сұхбат алып, әңгімелесу жүргізілді.

Жобалық топтың мақсаты мен тапсырмасын анықтау

Жобалық топтың басты мақсаты Астана қаласындағы Зияткерлік мектебін Халықаралық Бакалавриат ұйымында авторландыру.

Басты міндет - мектепті авторландыруға бағытталған барлық қажетті шараларды ұйымдастыруға, негізгі және жоғары мектептердің оқу бағдарламаларын және барлық қажетті құжаттарды Халықаралық Бакалавриаттың талаптарына сәйкес әзірлеу.

Үйретуші семинарларды ұйымдастыру және өткізу

Жобалық топ мұғалімдерін Халықаралық Бакалавриаттың бағдарламасымен таныстыру үшін, Ресейдің Пермь қаласындағы Мемлекеттік педагогикалық университетінен өкілдер шақырылып, «Критерийлік бағалау», «Тану теориясы», «Жобалық технологиялар» атты бірқатар жұмыс семинарлары өткізілді.

Халықаралық Бакалавриаттың бағдарламасымен және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің Халықаралық Бакалавриатының мектептер қауымдастығының жұмысымен танысу мақсатында, Жобалық топ жетекшілері мен мұғалімдері Халықаралық Бакалавриатының мектептер қауымдастығының жыл сайынғы 5-конференциясына қатысты.

IBSCA (International Baccalaureate School & College Association) ұйымдастыруымен Жобалық топтың мұғалімдерімен әкімшілеріне арналған Оксфордта (Ұлыбритания) үйретуші курстар ұйымдастырылды. Жобалық топ әкімшілері «Халықаралық Бакалавриаттың Флорида штатындағы мектептер лигасы» ұйымдастырған 1 және 2 санаттағы (Флорида, Сант Пит Бич, АҚШ) семинарға қатысты.

11 мұғалім Халықаралық Бакалавриаттың Норвегиядағы, Италиядағы, Ұлыбританиядағы, Швейцариядағы, Франциядағы мектептерінде болды. Мұғалімдер практикада Халықаралық Бакалавриаттың аясында сабақ беру талаптарымен және білім беру тәрбиелік процесстермен танысты.



Құжаттарды рәсімдеу және Халықаралық Бакалавриаттың кеңсесіне жіберу

Халықаралық Бакалавриаттың кеңсесіне Зияткерлік мектеп туралы ақпарат жіберілді (School Information Form), www.ibis.ibo.org сайтына тіркеліп, 049279- коды беріліп, қолданушы ID - 093116 болып белгіленді. Барлық қажет құжаттармен танысу үшін: <http://www.ibo.org/become/guidance/> сайты ұсынылды.

2011 жылдың қыркүйегінде Халықаралық бакалавриаттың кеңсесіне «кандидат мектеп» мәртебесін алу үшін өтінім берілді және 2011 жылдың 15 қарашасында мектепке «кандидат мектеп» мәртебесі берілді.

Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша тәжірибелері бар шетел оқытушыларын жұмысқа тарту

Химия пәні сабақтарын тиімді жоспарлау және Дипломдық бағдарламаны енгізу үшін, философия докторы Джеффри Ноис (Ұлыбритания) шақырылды. Дж.Ноистың жетекшілігімен басқарудың әкімшілік құрылымы анықталып, Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасын енгізу және дайындау бойынша жоспар қайта қаралды, жергілікті мұғалімдердің беделін бекіту үшін шетелдік семинарлар жетекшілерін жұмысқа тарту туралы келісімге қол жетті.

Жергілікті мұғалімдерді дайындау үшін шетелдік семинарлар жетекшілерін жұмысқа тарту туралы келісімге байланысты 2011 жылдың маусым, шілде және тамыз айларында Жобалық топ мұғалімдеріне және басқа Зияткерлік мектептердің мұғалімдеріне арнап, «Тарих», «Ағылшын тілі», «Химия» «Бейнелеу өнері», «Биология», «Физика», «Математика», «Ғаламдық қауымдастықтағы ақпараттық технологиялар» пәндерінен семинарлар өткізілді. Сондай-ақ, Жобалық топ мұғалімдері үшін, қазан айында Дипломдық бағдарламаның негізгі құрамдары «Қоғам, Әрекет, Қызмет ету» және «Тану теориясы» бойынша семинарлар ұйымдастырылып өткізілді.

Семинардың жетекшілері, яғни Халықаралық Бакалавриат мектептерінің тәжірибелі мұғалімдері мектептің дайындық жұмыстарын жоғары бағалады. Аталған мұғалімдер пәндер бойынша семинарларды ұйымдастырып өткізуде; мектеп мұғалімдерін Халықаралық Бакалавриат мектептерімен таныстыру, негізгі және жоғары мектептердің оқу бағдарламаларына консультация беру және түзеуде ынтымақтастықта қызмет ету үшін шақырылды.

Дипломдық бағдарламаны авторландыруға ойдағыдай дайындау үшін, Халықаралық Бакалавриаттың келесі беделді мектептерімен байланыс орнатылды:

- Dartford Grammar School (Ұлыбритания);
- Sevenoaks School (Ұлыбритания);
- International School of Luxemburg;
- International School of Geneva;
- British International School of New York;
- United World College of the Atlantic (Ұлыбритания);
- UWC Red Cross Norway;
- UWC Adriatic Italy;
- International School of Toulouse.

Меморандумға қол қою

Қыркүйек айында Халықаралық Бакалавриат ұйымымен Дербес білім беру ұйымы арасында өзара түсінушілік туралы Меморандумға қол қойылды.

Аталған меморандум аясында Дербес білім беру ұйымы жоғары академиялық, әлеуметтік, техникалық стандарттар және қызметке қол жеткізу үшін Халықаралық Бакалавриатқа қатысушы барлық мектептерге міндетті авторландырудың келісілген бағдарын қолданады. Астана қаласындағы Зияткерлік мектепте Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасын авторландыру үшін және Дипломдық бағдарлама табысқа жету үшін, Қазақстан Республикасындағы Халықаралық Бакалавриат Дипломын мойындауға сәйкес шаралар мен жұмыстар өткізеді.



Оқу бағдарламалары мен басқа да құжаттарды әзірлеу

Қазіргі уақытта Жобалық топ мұғалімдері Халықаралық Бакалавриаттың Дипломдық бағдарламасының талаптарын ескере отырып, негізгі және жоғары мектептерге арналған 23 оқу бағдарламаларын әзірлеп шықты. Ол оқу бағдарламаларына Халықаралық Бакалавриат мектептерінің тәжірибелі мұғалімдерінен рецензия алынды. Сонымен қатар, «Академиялық адалдық саясаты», «Бағалау саясаты», «Тіл саясаты», «Тәртіп саясаты» және «Арнайы білім беруге қажеттіліктер саясаты» әзірленді. Әзірленген құжаттар Халықаралық Бакалавриат бағдарламасын сәтті іске қосуға арналған ажырамас талаптардың бірі болып табылады.

2012 жылға арналған жоспарлар

1. Әзірленген бағдарламаларды сынақтан өткізу. Эксперимент түрінде химия, биология, физика, математика, информатика, қазақ, орыс, ағылшын тілдері, тарих, бейнелеу өнері, Тану теориясы, «Қоғам, Әрекет, Қызмет ету» (Creativity, Action, Service) бойынша Халықаралық Бакалавриат сарапшыларын тартып бағдарламаларды жетілдіру жұмыстары жалғаса беретін болады.
2. Халықаралық Бакалавриат мектептерінде тәжірибелері бар білікті мұғалімдерді Астана қаласындағы Зияткерлік мектепке жұмысқа алу мақсатымен жыл сайынғы халықаралық бос орындар жәрмеңкесіне бару.
3. Астана қаласындағы Зияткерлік мектепті авторландыруға дайындық үшін, Халықаралық Бакалавриаттың арнайы консультанттың мектепке келуі.
4. Астана қаласындағы Зияткерлік мектепті Халықаралық Бакалавриатта авторландыруға өтінім беру.
5. Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің және қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар. Мұғалімдер мен әкімшілік Халықаралық Бакалавриаттың ресми семинарларына қатысуы керек. Зияткерлік мектептің мұғалімдері мен оқушыларына ағылшын тілінен қарқынды курстар және шетел сарапшыларын тартумен пәндер бойынша мектеп базасында семинарлар ұйымдастыру жоспарлануда.

3.3. Көптілдік білім беру

Оқушылардың коммуникативті машықтарын дамыту тапсырмасын орындау үшін және әлемдік білім беру кеңістігіне сәтті ықпалдасу үшін, үш тілдің қай-қайсында болмасын: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өзекті ақпараттарды еркін түсіну үшін, Зияткерлік мектептердің білім беру бағдарламалары үштілді білім беруді қарастырады.

2011 жылы атқарылған жұмыстар

Ақпан айында Зияткерлік мектептерде үш тілдік білім берудің тіл саясатын әзірлеу бойынша Жобалық топ құрылды.

Ақпан айында Калифорния Мемлекеттік Университетінің құрметті профессоры және сыни көзқарасты дамыту бойынша Халықаралақ орталықтың директоры Алан Кроуфордпен өткен кездесу барысында тіл саясатының және үштілдік білім беру бағдарламасының, ең үздік қазақстандық және әлемдік білім беру жүйесінің дәстүрлері ұштасып, оқушыларға үш тілді: қазақ тілін - мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін - ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін - халықаралық қатынас тілі ретінде меңгеруге мүмкіндік беретін «Тіл оқытудың кезеңдері» үлгісінің әзірлемесі басталды. Алан Кроуфордтың осы келгенінде Зияткерлік мектептердің мұғалімдеріне арналған семинар өткізілді. Бірлескен жұмыс аясында Тіл саясаты және негіздемесінің жұмыс үлгісі әзірленді.

2011 жылдың сәуірінде Кембридж Университетінің Бағдарламаларды әзірлеу орталығының менеджері Елен Имам және Алан Кроуфорд «Тіл оқытудың кезеңдері» және Тіл саясаты, үш тілде білім берудің жұмыс үлгісін қарап шығып, толықтырылды.

2-сурет. Тілдерді оқытудың кезеңдері

Ерте кезең (балабақша, мектепалды даярлық, бастауыш сынып. 1-5 сыныптар)

Жас	Сынып	L1	Ден-гей	Сағат саны	L2	Ден-гей	Сағат саны	L3	Ден-гей	Сағат саны
3-4 4-5	Балабақша	Ауыза	0	2*30 min Mon, Wed	Ойын түрінде оқыту	0	2*30 min Tue, Thu	-	-	-
5-6	Мектепалды даярлық	Сөйлеу плакаттары Концепт 1&2	0	5*30min Mon-Fri	Ойын формасында оқыту		2*30 min Mon, Wed	Ойын формасында оқыту	0	2-30min Tue, Thu
6-7	1	Оқуға үйрете бастау	0	5*40=200	Сөйлеу плакаттары Үлкен кітаптар	0	4*40=160	Ойын формасында оқыту Сөйлеу плакаттары	0	4*40=160
7-8	2	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету	0	5*40=200	Оқуға үйрете бастау + L2 Instructions	0	4*40=160	Сөйлеу плакаттары Үлкен кітаптар	0	4*40=160
		Exam Prove Level A1								
8-9	3	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету	A1	4*40=136	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету + L2 instruction	0	4*40=136	Оқуға үйрете бастау + L3 Instruction	0	5*40=170
		Exam Prove Level A1								
9-10	4	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету	A1	4*40=160	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету L2 instruction	A1	4*40=160	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету + L3 instruction	0	5*40=200
		Exam Prove Level A2						Exam Prove Level A1		
10-11	5	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету	A2	4*40=160	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету + L2 instruction	A1	4*40=160	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету + L3 instruction	A1	5*40=200
					Exam Prove Level A2					

II Деңгей (6-10 сыныптар)

Жас	Сынып	L1	Деңгей	Сағат саны	L2	Деңгей	Сағат саны	L3	Деңгей	Сағат саны
11-12	6	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету	A2	4*40=160	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету + L2 instruction	A2	4*40=160	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету + L3 instruction	A1	5*40=200
		Exam Prove Level B1						Exam Prove Level A2		
12-13	7	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері)	B1	3*40=120	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету + L2 instruction	A2	4*40=160	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету + L3 instruction	A2	5*40=200
					Exam Prove Level B1					
13-14	8	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері)	B1	3*40=120	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері) + L2 instruction	B1	4*40=160	Оқу Жазу Грамматикаға арналған кітаптарсыз грамматиканы үйрету + L3 instruction	A2	5*40=200
		Exam Prove Level B2						Exam Prove Level B1		
14-15	9	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері)	B2	3*40=120	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері) + L2 instruction	B1	4*40=160	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері) + L3 instruction	B1	5*40=200
					Exam Prove Level B2					
15-16	10	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері)	B2	3*40=120	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері) + L2 instruction	B2	4*40=160	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері) + L3 instruction	B1	5*40=200
		Exam Prove Level C1						Exam Prove Level B2		

III Деңгей (11-12 сыныптар)

Жас	Сынып	L1	Деңгей	Сағат саны	L2	Деңгей	Сағат саны	L3	Деңгей	Сағат саны
16-17	11	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері)	C1	3*40=120	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері) + L2 instruction	B2	4*40=160	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері) + L3 instruction	B2	5*40=200
					Exam Prove Level C1					
17-18	12	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері)	C1	3*40=120	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері) + L2 instruction	C1	4*40=160	Оқу (тарихи, әлеуметтік, ғылыми, жүйелі әдебиеттер) Жазу (жазу түрлері) instruction	B2	5*40=200
		Exam Prove Level C2			Exam Prove Level C2			Exam Prove Level C1		



Маусым айында Астана қаласындағы физика-математика бағытында білім беретін Зияткерлік мектепте Астана және Көкшетау қалаларының Зияткерлік мектептерінің тілдер және бейнелеу өнері мұғалімдеріне арналған семинар өтті, семинарда үш тілде білім берудің жаңартылған үлгісінің және Тіл саясатының жаңартылған үлгісінің тұсауы кесілді. Аталған семинар мұғалімдерді тілдерді үйретуде табиғи әдісті қолдана отырып, үлкен оқулықтармен жұмыс істеу әдісімен, сөйлеу постерлерімен, коммуникативті құзыреттілікті дамыту әдісімен таныстыруға бағытталды.

Бейнелеу өнері мұғалімдеріне Қазақстанның мәдени құндылықтарын ескере отырып, қазақ, орыс, ағылшын тілдері сабақтарына қолдануға арнап әзірленетін сөйлеу постерлерінің мысалдары көрсетілді.

Қазан айында, Астана, Талдықорған және Өскемен қалаларындағы Зияткерлік мектептерде Алан Кроуфорд семинарлар өткізді. Аталған семинарда мұғалімдер оқушылардың ауызекі тіл машығын бағалау үшін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерудегі коммуникативті машықтарын дамытуға қажетті әдістерімен, SOLOM (оқушылардың ауызекі тілін бақылау матрицасын) қолданумен танысты. Талдықорған және Өскемен қалалары мұғалімдерінде, топпен жұмыс жасап, оқушылардың тіл меңгерген деңгейін ескере отырып, табиғи әдісті қолданып, сабақ әзірлеуге мүмкіндік болды. «Сыншы дос» принципін қолдана отырып, мұғалімдерге сабақ қорытындысын жасауға мүмкіндік берілді. Бұл жерде, сабақты дұрыс бағалаудан бастау керек екендігіне ерекше көңіл бөлінді.

Зияткерлік мектептерде 2011-2012 оқу жылында 35 шетел оқытушылары жұмыс істейді. Зияткерлік мектептерде «Team-teaching», яғни командалық оқыту тәжірибесі жүргізілуде. Мұғалімдермен драма үйірмесі, креативті хат, SAT, IELTS, TOEFL халықаралық емтихандарына дайындық, фотоөнер сынды элективті курстар мен сыныптан тыс шаралар өткізілуде. Бұл шаралардың барлығы, оқушылар шетел тілдерінде еркін сөйлеп және өз ойларын жеткізе білу үшін, жасанды тіл ортасын қалыптастыруға бағытталған.

2012 жылға арналған жоспарлар

1. Ықпалдасқан білім беру бағдарламасын жетілдіру аясында үш тілдік саясатты жүзеге асыру бойынша жұмыс. Үш тілдік саясаты Кембридж Университетімен бірлескен жұмыстың барлық алты бағытына қосылған.
2. Кембридж Университетімен бірге үш тілдік саясатты жүзеге асыру стратегиясын анықтау.

Аталған саясатты жүзеге асырудың алғашқы қадамы ретінде 2012 жылдың ақпанында Кембридж Университеті үш тілдік саясатты жүзеге асырудың алғашқы жобасын ұсынады.

3. Келесілерді қолдануға бағытталған семинар ұйымдастыру:

- Intermediate және Advanced (ортаңғы және жетік) деңгейіндегі оқушыларға L2 (екінші тіл) и L3 (ағылшын тілі) оқыту кезіндегі коммуникативті құзыреттілікті дамытуды білім берудің стратегияны;
- L2 және L3 тілдерінде оқуды үйрету кезінде үлкен оқулықтарды;
- балалар әдебиетін және тең түпнұсқалы материалды қолдана отырып L2 және L3 тілдерінде оқуды үйрету стратегияны;
- L3 тілінде орфография және дұрыс жазуды қоса алғанда L2 и L3 тілдерінде жазуға үйрету стратегияны;
- оқушылардың сөздік қорын арттыруға арналған әрекеттік әдіс (жаттаусыз);
- (L1(ана тілі), L2, и L3) тілдерінде оқығанды түсіну жән жазу өнері машықтарын бағалауды.

Үш тілдік саясатты жүзеге асыру жоспарына бағалау, саясат мазмұны бойынша түсініктемелер және оны жүзеге асыру стратегиясы кіреді.

3.4. Тәрбие жұмысы

Тәрбие жүйесі жеке түрде қызмет етпей, Дербес білім беру ұйымының академиялық пәндер арқылы Тәжірибелік білім беру бағдарламасына ықпалдасады және енгізіледі. Сонымен қатар, қосымша білім беру және сабақтан тыс шаралар қарастырылуда.

Тәрбие жұмысын ойдағыдай жүзеге асырудың басты шарты - Зияткерлік мектептің барлық мүдделі тараптарын оқу-тәрбиелік процесіне жұмылдыру және ата-аналармен, жергілікті қауымдастықпен және қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық.

Оқушылардың негізгі тұлғалық қасиеттеріне патриоттық, қазақстандық және жалпы адами құндылықтарды жақтайтын, төзімділік, технологиялық, ақпараттық, әлеуметтік, азаматтық сауаттылық, сыни көзқарасы бар, жауапкершілік, тәуекелге бара білу және сындарлық, ынтымақтастық, өмір бойы оқып, білуге дайын, бәсекеге қабілеттілік жатқызылуы керек.

2011 жылы атқарылған жұмыстар

2011 жылы тәрбиенің мақсаттары мен нәтижелерінің қоғам құндылықтарымен өзара байланысын көрсеткен тәрбиелеудің ұлттық жүйелерінің халықаралық тәжірибе, мектеп оқушыларын заманауи тәрбиелеудің негізгі мақсаттары мен әдістері зерттелді. Ресейдің білім беруді дамыту Федералдық институты Приволжье филиалымен, Hwa Chong (Сингапур) халықаралық мектебі оқушылармен жұмысы бойынша сарапшыларының, CAS (Creativity, Action, Service) - ТДС (Шығармашылық, Қимыл Әрекет, Қызмет ету) Халықаралық Бакалавриат бойынша кеңсе консультантымен ынтымақтастық Дербес білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесі қолдаған «Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары» атты құжат жобасын жасауға негіз болды.

Жобаға байланысты, тәрбие жұмысының 6 негізгі бағыттары анықталды: патриоттық тәрбие,

зияткерлік даму, өнегелік тәрбие, физикалық және психикалық даму, көпмәдениетті даму, басшылық-жетекшілік қасиеттерді дамыту, көркемдік-эстетикалық даму.

Жоғарыда аталған бағыттар білім беру бағдарламасы, қосымша білім беру, сабақтан тыс шаралар: әлеуметтік практикалар (қоғамға қызмет ету), оқушылардың өзін-өзі басқаруы, қызығушылығына қарай үйірмелер мен сабақтар, жазғы мектептер мен лагерлерге қатысуын ұйымдастыру, мектепшілік және мәдени-бұқаралық шаралар, халықаралық мектептермен оқушылар ауыстыру бағдарламасы және «Жас Ұлан» жасөспірімдер ұйымына қатысу арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу құралдарының бірі жақсы тәрбие мен тиімді оқуға көмектесетін, сонымен қатар, қажет тәртіп талаптарын бекіту арқылы тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыратын, мектепте өзін-өзі ұстау және оқушылар кодексін анықтайтын мектептің тәрбиелік саясаты болып табылады.

Бірегей және ұйымшыл командалар, корпоративтік рух, сонымен қатар, саламатты бәсекелестікті, жасаралық қатынас және ынтымақтастықты қалыптастыратын «Шаңырақ» мектеп қауымдастығын құру Зияткерлік мектептердегі тәрбие жүйесінің ерекшелігі болады. Мектеп қауымдастығы жасы үлкендердің кішілерге қамқоршылықпен қарау практикасын қайта жаңартады. Бұл - оқушылардың басшылық қасиетін дамытуға көмектеседі.

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде:

- қоғамның, елдің, қоршаған адамдар өмірін жақсартуға белсенді қатысатын патриотты;
- ненің жақсы, ал, ненің жаман екендігін дұрыс түсінетін, кез-келген жерге тез үйреніп кететін, ұтқыр-икемді, сыни көзқарасы бар, өзгенің тілін таба білетін, өз-өзіне сенімді адамды;
- өз бетімен оқи алатын оқушыны;
- командада тиімді жұмыс істей алатын, өз ынтасын көрсете алатын, шығармашылыққа жақын, инновация енгізуге және әрдайым жетілуге ұмтылатын белсенді адамды;
- адами қасиеттер мен моральдық және рухани құндылықтары бар жоғары өнегелі тұлғаны тәрбиеленеді.

2012 жылға арналған жоспар

1. Қазақстандық қоғам құндылықтары саласындағы зерттеулерді қарау мен сараптау жүргізу;
2. Білім беру мен тәрбиелеудің негізгі өнегелік құндылықтарын және оларды тұрақтандыру әдіс пен тәсілдерін анықтау;
3. Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік-қарсы тәртібінің себебін зерттеу;
4. Тәрбие жұмысы саласындағы ең үздік әлемдік тәжірибені білу үшін, Зияткерлік мектептердің педагогикалық кадрларын оқыту және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату;
5. Тәрбие жұмысына ата-аналарды және жергілікті қауымдастықты тарту саясатын әзірлеу;
6. «Қоғамға қызмет ету» жобасын жүзеге асыру үшін, әлеуметтік объектілермен ынтымақтастық орнату;
7. Тәрбиенің ережелері мен қағидаларын, тәртіп саясатын және т.б. қосқан Зияткерлік мектептердің ішкі тәртіп ережесін әзірлеу;
8. «Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары» атты жобаны енгізу бағдарламасын әзірлеу;
9. Зияткерлік мектептердегі тәрбие жүйесінің негізгі тұжырымдамалық ережесін әзірлеу.



4-БӨЛІМ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАР


4.1. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы

2011 жылдың 1 желтоқсанындағы мәліметтер бойынша Зияткерлік мектептерде 662 мұғалім жұмыс істейді, оның 35 шетел мұғалімдері.

Мұғалімдердің көбі (98,8%) жоғары білімді және тек қана 1,2% - арнаулы орта білімі бар, педагогикалық училищелер мен гуманитарлық колледждерде білім алған, еңбек тәжірибесі мол, бастауыш сынып мұғалімдері. Арнаулы орта білімі бар мұғалімдердің ең көп үлесі - (2,5%) Өскемен қаласының Зияткерлік мектебінде.

3-кесте. Білімі бойынша сапалық педагогикалық құрамы

№	Зияткерлік мектеп	Педагогтар саны, барлығы, адам	Білімі бар педагогтар үлесі, %	
			жоғары	Орта кәсіптік
1.	Астана ФМБ	122	121 (99,2%)	1 (0,8%)
2.	Астана ХБ	51	50 (98,1%)	1 (1,9%)
3.	Көкшетау ФМБ	124	123 (99,2%)	1 (0,8%)
4.	Семей ФМБ	121	119 (98,4%)	2 (1,7%)
5.	Талдықорған ФМБ	118	118 (100%)	-
6.	Өскемен ХББ	126	123 (97,6%)	3 (2,4%)
Жиыны		662	98,8 %	1,2 %

Диаграмма 1. Білімі бойынша сапалық педагогикалық құрамы

Жұмыс істеп жүрген 3 мұғалім - «Болашақ» бағдарламасының түлектері, 5 мұғалім аталған бағдарламада оқып жатыр, 78 оқытушы магистр, 11 мұғалім ғылым кандидаты, 1 мұғалім PhD дәрежесі бар және 1 мұғалім - профессор.

Педагогтардың біліктілігі бойынша жасалған талдау барлық Зияткерлік мектептерде жұмыс істейтін педагогтардың жартысы(41,8%) - жоғары санаттағы, 23,7 % - бірінші санаттағы, 11,2 % - екінші санаттағы педагогтар екендігін көрсетті. Сонымен қатар, 23,3 % педагогтың біліктілік санаты жоқ. Біліктілік санатын салыстырушы талдауына 35 шетелдік мұғалім қосылмады.


Жоғары біліктілікті деңгейдегі мұғалімдер - Талдықорған мен Астана қалаларының физика-математика бағытындағы (бұдан әрі - ФМБ) Зияткерлік мектептердің мұғалімдері. Ал, Өскемен қаласындағы химия-биология бағытындағы (бұдан әрі - ХББ) және Семей қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектептері мұғалімдерінің біліктілігі жоқ.

4-кесте. Дәреже бойынша сапалық педагогикалық құрамы

№	Зияткерлік мектеп	Педагогтар саны, барлығы, адам.*	Санаттар %-бен			
			Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	Санаты жоқ
1	Астана ФМБ	115	55 (47,8%)	29 (25,2%)	16 (13,9%)	15 (13%)
2	Астана ХБ	47	15 (31,9%)	11(23,4%)	5 (10,6%)	16 (34%)
3	Көкшетау ФМБ	119	48 (40,3%)	38 (31,9%)	18 (15,1%)	15 (12,6%)
4	Семей ФМН	115	32 (27,8%)	32 (27,8%)	14 (12,2%)	37 (32,2%)
5	Талдықорған ФМБ	113	61 (54%)	19 (16,8%)	9 (8%)	24 (21,2%)
6	Өскемен ХББ	118	51 (43,2%)	20 (17%)	8 (6,8%)	39 (33,1%)
Жиыны		627	262 (41,8%)	149 (23,7%)	70 (11,2%)	146 (23,3%)

* шетелдік оқытушыларды есептемегенде педагогтар саны

Диаграмма 2. Санаты бойынша сапалық педагогикалық құрамы




Педагогтардың жас шамасы бойынша жасалған сапалық педагогикалық құрамының талдауы «30 жасқа дейінгі», «31 жастан 40 жасқа дейінгі» және «41 жастан 50 жасқа дейінгі» педагогтардың жас шамасы категориясы, барлық Зияткерлік мектептер бойынша орташа есеппен алғанда, шамамен барлығында бірдей 30%-ды құрайды. Сонымен қатар, Астана қаласындағы Зияткерлік мектептегі 30 жасқа дейінгі педагогтар үлесі - шамамен 45,1 % -ды құрайды. Барлық Зияткерлік мектептер бойынша 51 жастан үлкен педагогтар үлесі - шамамен 16,7 %-ды құрайды. Бұл көрсеткіш, Өскемен қаласындағы айтарлықтай жоғары 21,6%-ды құрайды.

5-кесте. Жас шамасы бойынша сапалық педагогикалық құрамы

№	Зияткерлік мектеп	Педагогтар саны, барлығы, адам	Тиісті жас тобындағы мұғалімдердің үлесі, %			
			30 жасқа дейін	31-40	41-50	51-ден жоғары
1.	Астана ФМБ	122	31 (25,4%)	35 (28,7%)	37 (30,3%)	19 (15,6%)
2.	Астана ХБ	51	23 (45,1%)	15 (29,4%)	4 (7,9%)	9 (17,7%)
3.	Көкшетау ФМБ	124	29 (23,4%)	38 (30,7%)	39 (31,5%)	18 (14,5%)
4.	Семей ФМБ	121	35 (28,9%)	36 (29,8%)	28 (23,2%)	22 (18,2%)
5.	Талдықорған ФМН	118	32 (26,5%)	37 (31,6%)	32 (27,4%)	17 (14,5%)
6.	Өскемен ХББ	126	42 (32,8)	25 (20%)	32 (25,6%)	27 (21,6%)
Жиыны		662	192 (28,8%)	186 (28,1%)	172 (26,1%)	112 (17%)

Диаграмма 3. Жас шамасы бойынша сапалық педагогикалық құрамы




Педагогтардың еңбек өтілімі бойынша жасалған сапалық педагогикалық құрамының талдауы мұғалімдердің ең көп үлесі (шамамен 1/3 бөлігі) шамамен 20 жылдай еңбек өтілімі бар мұғалімдер. Бір жағынан, бұл педагогтар оқу процесін жоғары деңгейде өткізуге жетерліктей қабілетке ие. Екіншіден, ықпалдасқан оқу бағдарламаларын оқушылар жетістігін бағалаудың жаңа жүйесін енгізіу, мұғалімнен үнемі білімін жаңартуды, семинарлар, тренингтерге қатысуды талап етеді. Сонымен қатар, бұл топтағы мұғалімдер білім беру процесіне жаңа әдістерді енгізуде көбінесе керітартпалық көрсететіндер болып табылады.

6-кесте. Еңбек өтілімі бойынша сапалық педагогикалық құрамы

№	Зияткерлік мектеп	Мұғалімдер саны, барлығы, адам	Педагогдардың жалпы санының %-ғы жұмыс өтілі бар мұғалімдер саны					
			Өтілі жоқ	10 жылға дейін	11-20 жыл	21-30 жыл	31-40 жыл	41 және одан жоғары
1.	Астана ФМБ	122	3 (2,5%)	33 (27,1%)	40 (32,8%)	31 (25,4%)	14 (11,5%)	1 (0,8%)
2.	Астана ХБ	51	5 (9,8%)	23 (45,1%)	12 (23,5%)	4 (7,9%)	6 (11,8%)	1 (2%)
3.	Көкшетау ФМБ	124	2 (1,6%)	30 (24,2%)	47 (37,9%)	29 (23,4%)	14 (11,3%)	2 (1,6%)
4.	Талдықорған ФМБ	118	4 (3,3%)	29 (23,2%)	52 (43%)	21 (17,4%)	8 (6,6%)	4 (3,3%)
5.	Семей ФМБ	121	-	47 (40,2%)	33 (28,2%)	28 (23,9%)	13 (11,1%)	-
6.	Өскемен ХББ	126	11 (8,8%)	59 (46,4%)	32 (25,6%)	11 (8,8%)	12 (9,6%)	1 (0,8%)
Жиыны		662	25 (3,8%)	219 (33,2%)	216 (32,7%)	124 (18,8%)	67 (10,2%)	9 (1,3%)

Диаграмма 4. Еңбек өтілімі бойынша сапалық педагогикалық құрамы



4.2. Педагогтардың біліктілігін арттыру

Зияткерлік мектептер мұғалімдері өздерінің кәсіптік құзыреті деңгейін Зияткерлік мектеп мұғалімдеріне арнап әзірленген Педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыру жүйесі арқылы көтереді (бұдан әрі - БАЖ).

Бұл жүйе - педагогтардың біліктілігін арттырудың деңгейлі жинақтаушы жүйесін қарастырады. Ол келесі модульдерден тұрады.

1. Модуль - «АКТ»- Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар,
2. Модуль - «Қазтест» - Қазақ тілі,
3. Модуль - «English» - Ағылшын тілі,
4. Модуль - «Педагогикалық білімдер».

Модуль жиынтығы Зияткерлік мектептерде заманауи педагогикалық білімдерді, ақпараттық-коммуникативтік орталарды оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдану қажеттілігіне сәйкес және көптілдік саясатты жүзеге асыру үшін құралған. Модульдердің мазмұндық толығы (тақырыбы және деңгейі) педагогтың Зияткерлік мектеп талабына қарай өсу әлеуетіне байланысты жетілдіріп, өзгеріп отыратын болады.

Зияткерлік мектепте оқыту «жағдайы жағынан бірдей» әдісі бойынша іске асырылуда, яғни, әріптестердің оқытуымен (тілдер курсы - қазақ және ағылшын тілі мұғалімдерімен, АКТ - информатика мұғалімдерімен). Бұл - пән бйынша іргетасы қаланған дайындығы бар, Зияткерлік мектептердің іріктеу конкурсынан өткен педагогтардың әлеуетін толықтай қолдануға мүмкіндік туғызады.

Республикалық және халықаралық деңгейдегі сарапшыларды жұмысқа тарту арқылы Елдегі оқыту

Білім берудің ең үздік ұйымдары базасында халықаралық деңгейдегі сарапшыларды жұмысқа тарту арқылы Шетелде оқыту

Біліктілікті арттыру жүйесі Мұғалімді оқытудың жеке-дара траекториясының болуын көздейді.

Әрбір мұғалімнің кәсіптік өсуіне арнап, оның бұдан кейін де Зияткерлік мектепішілік курстар, елде, шетелде білім алу, онлайн курстар арқылы кәсіптік өсуі ұйымдастырылуы қарастырылған жеке-дара бағдар әзірленді. Мысалы: математика пәнінің мұғалімі Г.Р.Рахимоваға арналған кәсіптік өсу бағдары.

3-сурет. Математика пәнінің мұғалімі Г.Р.Рахимованың кәсіптік өсу бағдары



Біліктілікті арттыру жүйесі мониторингі келесіні қарастырады:

- аралық (жылына бір рет) және қорытынды аттестациялауда көрсетілетін мұғалімнің Жетістіктер портфелін қалыптастыру;
- мұғалімнің оқуда алған (мастер-класс, тәрбиелік шаралар және т.б.) машықтары мен білімдерін практикада қолданғанын көрсету;
- мектеп оқушыларының оқудағы жетістіктері динамикасын талдау;
- педагогты екі жылда бір рет аттестациялау;
- сертификаттар алу.

Педагогтардың біліктілігін арттыру жүйесін енгізудің талдауы Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің құзырет деңгейін жоғарылағанын көрсетеді


Тілдік құзыреттілікті жетілдіру бойынша курстар, ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби машықтарын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік берді.

2011 жылы Британдық кеңес өткізген Placement test- Зияткерлік мектептердің мұғалімдері мен тәлімгерлерінің 653-і қатысты, бұл - 93,8%-ды құрады. Біз, өткен жылдағы қатысқан 64% қатысушыны салыстыра отырып, аталған емтиханға қызығушылықтың артқанын көреміз. Емтихан құрылымы, өткен жылмен салыстырғанда біраз күрделі деңгейдегі 3 бөлімнен тұрды: грамматика, лексика, оқу. Тест нәтижелері бойынша 530 мұғалімде ағылшын тілінің бастапқы деңгейі бар екенін көрсетті, бұл - барлық қатысқандарға шаққанда 81.1%. Шектің алдындағы деңгейінді 22 мұғалім көрсетті, бұл - 3,7%. Сөйтіп, тестілеуге қатысқан 84,8% пән мұғалімдері ағылшын тілінен бастапқы және шектің алдындағы деңгейдегі мұғалімдер (Халықаралық емтиханды тапсырған мұғалімдерді қоспағанда).

20 мұғалім базалық деңгейді көрсетті, бұл - барлық қатысқан мұғалімдердің 3,1%-ы.

14 мұғалімнің (2,2%) базалық ілгері деңгейі (Intermediate) бар. Бұл - IELTS Халықаралық емтиханын тапсырған мұғалімдерді есептемегенде.

Диаграмма 5. Placement test нәтижелері



IELTS халықаралық емтиханын тапсырған мұғалімдер санының көбею үрдісі байқалады. Егер, 2010 жылы IELTS емтиханын тапсыру бойынша сертификат алған мұғалімдер саны 36 болса, 2011 жылы 101 мұғалім болды (соның ішінде пән мұғалімдері).

7-кесте. IELTS халықаралық емтиханын тапсырған мұғалімдер саны

Зияткерлік мектеп	Мұғалімдер саны		Үрдіс «+», «-», адам	Орташа балл
	2010ж.	2011ж.		
Астана ФМБ	12	15	+3	6.5 б.
Астана ХБ	-	19	+19	6.2 б.
Көкшетау	13	19	+6	6.3 б.
Талдықорған	-	17	+17	5.4 б.
Өскемен	-	17	+17	6 б.
Семей	11	14	+3	6.6 б.
БАРЛЫҒЫ:	36	101	+ 65	6.2 б.

Тілдік құзыреттілікті жетілдіру бойынша курстар ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби машықтарын айтарлықтай жақсартты.

8-кесте. Тілдік құзыреттілікті жетілдіру

Зияткерлік мектеп	3-4б.	4,5-5,5б.	6-6,5б.	7б.	7,5б.	8б.	Барлығы
Астана ФМБ		3	6	3	3		15ч.
Астана ХБ		7	8	3	1		19ч.
Көкшетау		3	11	2	3		19ч.
Талдықорған	1	12	3	1			17ч.
Өскемен		3	9	3	1	1	17ч.
Семей			8	4	1	1	14ч.
Жиыны	1	28	45	16	9	2	101

Ағылшын пәні мұғалімдеріне арнап, Teaching knowledge test (TKT) үйрету курсы ұйымдастырылды. Курс қорытындысы бойынша 20 педагог сертификат алып, олардың 3-і аталған курс бойынша халықаралық жаттықтырушы деп танылды. Курсқа қатысушылардың барлығы ықпалдасқан оқу бағдарламаларын әзірлеуші Жобалық топтың мүшелері болып табылады.

Педагогтарға арналған АКТ құзыреттілігін анықтау тесті Астана, Көкшетау, Өскемен, Семей және Талдықорғандағы барлық іске қосылған мектептерде жүргізілді.

Зияткерлік мектептер педагогтарының ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігі деңгейін анықтау зерттеуі мұғалімдердің жеке-дара бағдарламаларды қалыптастыру аясында кәсіби жетіліп, АКТ құзыреттілігін дамыту динамикасы және меңгеру деңгейін айқындау мақсатында өткізілді. Зерттеу барысында қолданушылар машықтарының деңгейі, интерактивті құралдарды пайдаланып жұмыс істеу машығы, электрондық поштаны, Internet және т.б. қолдану деңгейі анықталды.

2011 жылы мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін бағалау екі деңгейлі (базалық және жоғары қиындықты деңгейі) әдіспен: тестілеу және практикалық жұмысты орындау түрінде өткізілген. Жоғары қиындықты деңгейін қосу Зияткерлік мектептердегі мұғалімдер машығының жалпы деңгейі мектепшілік АКТ курсына қатысқаннан кейін айтарлықтай жақсарғанына байланысты. Сондықтан, тапсырмалар деңгейі қиындалып және соған сәйкес, АКТ құзыреттілігінің жоғары деңгейі анықталды.

Тестілеудің барлық қорытындылары бойынша көрсеткіштер келесі кестелерде берілген:

9-кесте. Зерттеу нәтижесінде анықталған АКТ білімінің деңгейі

Көрсеткіш атауы	Алған балдың жалпы саны	Саны (педагогтар және кураторлар)	Тестіленетіндердің жалпы санының %
Білімінің жоғары деңгейі (85%-ден 100%-ға дейін)	255-300	204	29%
Білімінің орта деңгейі (75%-дан 84%-ға дейін)	225-254	193	28%
Білімінің төмен деңгейі (50%-дан 74%-ға дейін)	150-224	196	31%
Білімінің ең төмен деңгейі (0%-дан 49%-ға дейін)	0-149	71	12%
ЖИЫНЫ		664	

10-кесте. Мектептер бөлінісінде зерттеу нәтижесінде анықталған АКТ білімінің деңгейі (адам)

Зияткерлік мектеп	Білімінің жоғары деңгейі (85% -ден 100%-ға дейін)	Білімінің орта деңгейі (75%-дан 84%-ға дейін)	Білімінің төмен деңгейі (50%-дан 74%-ға дейін)	Білімінің ең төмен деңгейі (0%-дан 49%-ға дейін)
Өскемен қаласы	64	39	22	1
Семей қаласы	47	39	31	10
Астана ФМБ	21	22	47	30
Астана ХБ	8	7	21	11
Көкшетау қаласы	36	47	35	6
Талдықорған қаласы	28	39	40	13
Барлығы:	204	193	196	71

11-кесте. Зерттеу нәтижесінде анықталған АКТ білімінің деңгейі (%)

Зияткерлік мектеп	Білімінің жоғары деңгейі (85%-ден 100%-ға дейін)	Білімінің орта деңгейі (75%-дан 84%-ға дейін)	Білімінің төмен деңгейі (50%-дан 74%-ға дейін)	Білімінің ең төмен деңгейі (0%-дан 49%-ға дейін)
Өскемен қаласы	51%	31%	18%	0,01%
Семей қаласы	37%	31%	24%	8%
Астана қаласы ФМБ	18%	18%	39%	25%
Астана қаласы ХБ	17%	15%	45%	23%
Көкшетау қаласы	29%	38%	28%	5%
Талдықорған қаласы	23%	33%	33%	11%
БАРЛЫҒЫ:	29%	28%	31%	12%

Жүргізілген зерттеу негізінде келесі қорытынды шығарылды:

1. Педагогтардың 81%-ы Microsoft Office және ОС Windows базалық қосымшалар пакетімен жұмыс істеу де жақсы практикалық машықтар көрсетті, бұл орта деңгейлі білімге сәйкес.

2. Өскемен қаласының химия-биологиялық бағыттағы мектебінде, Семей және Көкшетау қалаларындағы физика-математикалық бағыттағы мектептерде мақсатты түрде мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін жоғарылату бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тұтастай алғанда, мектептер педагогтарының АКТ құзыреттілік деңгейі орта білімді деңгейге сәйкес.

3. Бүгінгі таңда Астана қаласындағы Халықаралық бакалавриат мектебі, Астана және Талдықорған физика-математикалық бағыттағы Зияткерлік мектептерінде мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде, өйткені, аталған мектептер мұғалімдері АКТ құзыреттілік деңгейі - білімнің төмен деңгейіне сәйкес.

Мұғалімдердің АКТ саласындағы білім, шеберлік, машық сапасын одан әрі жақсарту мақсатында, барлық кезеңдерге жүргізілген зерттеулердің әрбір элементін талдау негізінде АКТ-ның негізгі тақырыптары бойынша ауысымды топтар құрамында оқытуды жоспарлау бойынша ұсынымдар түсті, заманауи қолданбалы бағдарламалар бойынша ұсынылатын тематика айқындалды.

АКТ құзыреттілігінің өсу динамикасын Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектеп көрсетті. 2010 жылы және 2011 жылы өткізілген базалық қиын деңгейдегі тестілеу қорытындыларын салыстырып жасалған талдау білімдері жоғары деңгейге жеткен мұғалімдер саны өткен жылға қарағанда 25%-дан 76%-ға дейін өскендігін көрсетті. Ал, білімнің төмен және сыни төмен деңгейін көрсеткен мұғалімдер саны 31%-дан 8%-ға және с 1%-дан 0%-ге дейін қысқартылды. Сонымен, АКТ құзыреттілігі деңгейі және объективті сырттай бағалау деңгейінің тиімділігі және оны дамыту үшін, Зияткерлік мектеп ішінде курстардың сапалы өткізілуі және маңыздылығы дәлелденді.

12-кесте. 2010 және 2011 жылдардағы тестілеу нәтижелері

Білім деңгейі	2010ж.	2011ж.
Жоғары	25%	76%
Орта	43%	17%
Төмен	31%	8%
Сыни	1%	0%
Дұрыс жауаптардың орташа пайызы	67%	88%

Бүгінгі күні республикамызда қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау - Қазтест жүйесі бойынша жүзеге асырылуда. (ҚАЗТЕСТ жүйесін енгізу және дамыту туралы ҚР Үкіметінің 2008 жылығы 11 қыркүйектегі № 835 қаулысы).

Қазтест жүйесі - бұл Зияткерлік мектептерде оқу процесін қамтамасыз етуге қатысты барлық санаттағы мұғалімдерді қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесі. Мұғалімнің жеке-дара білім алу бағдары және негізгі құзыреттілігін анықтауды қалыптастыру үшін, 2010 жылы қазақ тілін меңгеру деңгейінің бастапқы мониторингі ұйымдастырылып, 2011 жылы Зияткерлік мектеп ішіндегі жылдық цикл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық тестілеу орталығымен қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша Қазтест өткізілді.

Тестілеу қорытындысы бойынша тесттің барлық блоктары бойынша дұрыс жауаптары 60%-дан кем емес қатысушылар сертификат алды.

13-кесте. Қазтесттің жалпы қорытындылары

Зияткерлік мектеп	Барлық қатысқан мұғалімдер	Тестілеудің жалпы қорытындылары									
		Қарапайым	%	Базалық	%	Орта	%	Ортадан жоғары	%	Жоғары	%
ФМБ Астана	119	8	6,7	49	41,1	46	38,6			16	13,4
Астана қаласы ХБ	38	5	13,1			7	18,4	24	63,1	2	5,2
Көкшетау қаласы	121	26	21,5	19	15,7	26	21,4	20	16,5	30	24,7
Семей қаласы	103	21	20,3	7	6,7	28	27,1	37	35,9	10	9,7
Талдықорған қаласы	133	43	32,3	19	14,2	36	27,06	27	20,3	8	6,0
Өскемен қаласы	119	12	10,08	19	15,9	47	39,5	37	31,0	4	3,36
ЖИЫНЫ	633	115	18,1	113	17,8	190	30,0	145	22,9	70	10,5
Жиыны 2010	576	122	21	135	23	237	41	35	6	47	8
Нәтижелер серпіні	+57	-7	-2,9	-22	-5,2	-47	-11	+110	+16,9	+33	+2,5

Қазтест қорытындысының динамикасы, шектілік деңгейге жеткен мұғалімдер пайызының төмендегеніне қарамастан, педагогтардың айтарлықтай бөлігі, құзыреттіліктің жоғары деңгейіне өткендігін көрсетті. Ортадан жоғары и Жоғары деңгейге жеткен педагогтар саны сәйкесінше 145 және 70 құрады (оң динамика - 2010 жылы 35 және 47 адамды құрады).

Тестілеу қорытындысы бойынша тіл құзыреттілігін жоғарылатудың әрбір бөлімі бойынша жеке-дара бағдарын анықтаудың аналитикалық қорытындылары жасалды.

Зияткерлік мектеп ішінде жыл бойына оқытудың міндетті модульдері: қазақ, орыс, ағылшын тілдері, АКТ, педагогикалық білімдер бойынша курстар ұйымдастырылды.

14-кесте. Зияткерлік мектептер ішіндегі курстар

Мектептер ішіндегі курстар	2010 ж. (мұғалім)	2011 ж. (мұғалім)	Үрдіс «+», «-»
қазақ тілі	75	437	+ 362
ағылшын тілі	317	697	+ 380
орыс тілі	-	16	+ 16
АКТ-құзыреттілігі	205	645	+ 440
БАРЛЫҒЫ	597	1 795	+ 1 198

4.3. Біліктілікті жоғарылату курстары

2011 жылы шетелде 11, елімізде 21 біліктілікті жоғарылату курстары өткізілді. Шетелдегі курстар алдыңғы қатарлы және танымал оқу орындарында өткізілді: Джонс Хопкинс университеті (АҚШ), Темасек Политехник Университеті (Сингапур), HIFAB Университеті (Швеция), М.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университеті жанындағы Колмогоров атындағы арнайы оқу-ғылым орталығы және т.б.

Біліктілікті жоғарылату курстарының тақырыптары біліктілікті арттырудың белгілі салаларының тапсырмаларына байланысты.

15-кесте. Шетелдегі және елдегі курстар

	Курстар	Курстар саны	Мұғалімдер саны
1	Шетелдегі курстар	11	195
2	Елдегі курстар	21	3358
	ЖИЫНЫ	32	3553

4.3.1. 2011 жылы елдегі және шетелдегі біліктілікті жоғарылату курстары

Пәндік құзыреттілікті одан әрі дамыту үшін, бейімдік пәндер мұғалімдеріне арнап келесі курстар ұйымдастырылды:

16-кесте. Ел ішіндегі және шетелдегі біліктілікті жоғарылату курстары

№	Курстың атауы	Өткізу мерзімі	Өткізу орны	Мұғалімдер саны
1	«Наурыз кездесулері» шеңберінде «Жоғары сыныптарда физика пәнін жүргізу әдістемесі» тақырыбына физика пәнінің мұғалімдері үшін оқыту семинары	наурыз	Астана қаласы	18
2	Математика мұғалімдарі съезінің шеңберінде «Мектепте геометрияны оқытудың жаңа тәсілдері», «Математикадан КИМ мен ЕГЭ құрудың ресейлік тәжірибесі» тақырыптары бойынша математика мұғалімдері үшін қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары	мамыр	Астана қаласы	40
3	«Биологияның заманауи проблемалары» тақырыбы бойынша химия және биология оқытушылары үшін қашықтан біліктілікті арттыру курстары	май-июль	НЗМ база-сында	21
4	Корпоративішілік Тамыз конференциясы шеңберінде ДБҰ қызметкерлері мен мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курсы	тамыз	Астана қаласы	226
5	«Сатылай кешенді талдау технологиясымен оқытудың әдістемелік негізі» тақырыбы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары үшін біліктілікті арттыру курстары	тамыз	Астана қаласы	36
6	«Негізгі және жоғары мектептерде «Зияткерлік менеджмент» тақырыбы бойынша математика және физика пәнінің оқытушылары үшін біліктілікті арттыру курстары	тамыз	Астана қаласы	44
7	«Мектеп 2000: «Оқу үшін оқимын» математика курсында іске асыру» қызметтік әдісінің технологиясы» тақырыбына Талдықорған қаласының Зияткерлік мектебінің мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курсы	тамыз	Талдықорған қаласы	11

8	«Қазақстанның инновациялық мектептерінде педагогдың кәсіби құзыреттілігін жетілдірудің өзекті мәселелері» тақырыбына Көкшетау қаласының Зияткерлік мектебінің мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курсы	қыркүйек-қазан	Көкшетау қаласы	120
9	«Пәндерді оқыту курстарында оқытудың белсенді тренингтік нысандары» тақырыбы бойынша тарих пәнінің мұғалімдері үшін курстар	қазан	Астана қаласы	27
10	«Жаңа технологияларды пайдалана отырып оқытудың заманауи әдістері және қашықтықтан оқыту дағдыларын дамыту», Edusoft, Израиль	желтоқсан	Өскемен қаласы	48
11	Филиалдардың қазақ, орыс тілдері мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курсы, HIFAB	наурыз	Швеция, Сток-гольм қ. HIFAB университеті,	19
12	Зертхана жабдықтарын пайдалану бойынша бейінді пәндер мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсы	тамыз	Геттинген қ., Германия, FWEVE компаниясы	5
13	FIF Technologies LLP-да бейінді пәндер мұғалімдері үшін Сингапур қаласы: «Проблемалы оқыту» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсы	қараша	Сингапур, Темасек Политехник ун-ті	25
14	«Бейінді пәндер мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктері мен оқыту дағдыларын арттыру» біліктілікті арттыру курсы	желтоқсан	Колмогоров атындағы арнайы оқу-ғылым орталығы Ломоносов атындағы ММУ	23
15	«Жеке бағдарланған оқыту және пәндік бірлестіктер қызметін ұйымдастыру қағидаттары» тақырыбы бойынша біліктілікті арттыру курсы	желтоқсан	Швеция, HIFAB ун-ті	30
16	«Жаңа технологияларды пайдалана отырып оқытудың заманауи әдістері және қашықтықтан оқыту дағдыларын дамыту», Edusoft, Израиль	желтоқсан	Өскемен, Көкшетау қалалары	Көкшетау және Өскемен ққ Зияткерлік мектептерінің 60 мұғалімі

2011 жылы Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің қолданушылық машығының өскеніне байланысты қашықтықтан оқытатын курстар санының көбейгендігіне байланысты, курс ұйымдастыруға жұмсалатын шығын азайып, мұғалімдерді оқу процесінен аластатпай өзкізілетіндігін де айта кету керек.

Басқару сапасын жоғарылату, білім беру саласындағы менеджменттің заманауи жүйесін үйрену үшін, келесі курстар өткізілді:

17	«Зияткерлік мектептеріне басшылық жасау және басқару» тақырыбы бойынша. біліктілікті арттыру курсы	ақпан	АҚШ-тың Пенсильвания университеті,	Зияткерлік мектептерінің 6 директоры
18	Джонс Хопкинс университетінің (СТУ), Дарынды жастар орталығында біліктілікті арттыру курсы, АҚШ	тамыз	Хопкинс ун-ті, Балтимор қаласы, АҚШ	4
19	Швецияның Стокгольм қаласында «Мектеп ішіндегі басқару» тақырыбы бойынша НЗМ ДБҰ филиалдарының әдістемелік бірлестіктер басшылары мен директорлар орынбасарлары үшін біліктілікті арттыру курсы	қазан	Швеция, HIFAB ун-ті	25

Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысы жүйесін қалыптастыру аясында тұжырымдамалы әдістер және директорлардың тәрбие жұмысы бойынша орынбасарларының жұмыс сапасын жоғарылатуды анықтау мақсатында келесі курс пен семинар өткізілді:

20	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» тәрбиелеу жүйесін ұйымдастырудың тұжырымдамалық тәсілі» тақырыбы бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, кураторлар үшін біліктілікті арттыру курсы"	мамыр	Зияткерлік мектептері базасында мамыр-шілде, қазан, Астана	80
21	«Мектептік қоғамдастықтарды ұйымдастыру және енгізу» тақырыбы бойынша» директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары үшін семинар	жел-тоқсан	Астана қаласы	18

Тіл құзыреттілігін жоғарылату бойынша жұмыс жалғастырылып, Зияткерлік мектептер мұғалімдеріне арнап келесі курстар өткізілді:

22	«Ағылшын тілінен қарқынды курсы» тақырыбы бойынша курс	шілде	Кентербери академия-сының мамандандырылған мектептер қоры, Ұлыбритания	1
23	«Коммуникативтік ағылшын тілі» тақырыбы бойынша Өскемен қаласының мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курсы	тамыз	Өскемен қаласы	50
24	«Ағылшын тілінің жедел курсы» біліктілікті арттыру курсы	жел-тоқсан	International House Belfast, Солтүстік Ирландия	29

2011 жылы қыркүйектен қазан айына дейін, Зияткерлік мектептің бүкіл педагогикалық құрамы (500 мұғалім) «Сайт-портфолио: Әзірлеу мен толтыру негіздері» атты қашықтықтан оқыту курсымен қамтылды. Оқу барысында мұғалімдер сайт-портфолио құруды үйренді. Бұл - кәсіби іскерлік пен машықтықты дамыту ресурстарының бірі, сонымен қатар, аттестациялау кезінде мұғалім жұмысын бағалаудың басты элементі болып табылады.

Джонс Хопкинс Университетінің (СТУ Балтимор қаласы, Мэриленд штаты, АҚШ), Дарынды жастар орталығымен ынтымақтастық аясында, Зияткерлік мектеп жүйесінде алған білімін өзгелерге үйрету үшін, 30 жаттықтырушы дайындауды көздейтін «Оқушылар дарындылығын дамыту» атты педагогтардың біліктілігін арттыру бағдарламасын әзірлеу бойынша келісімге қол қойылды.

Аталған тақырыпта біліктілікті арттыру курсының қатысушылары бағдарламалар құру және ойлауға жағдай жасау әдістерімен (Полдың ойлау әдісі, Шварц инфузиясы әдісі және т.б.), саралап оқытудың заманауи принциптерімен танысады. Курстың тренингтік өнімі - таңдалаған зерттеу тақырыбы бойынша ұйымдастырылған, дарынды оқушыны тақырыптық зерттеу, оқушы үлгерімінің жоғарылығына дейінгі және кейінгі жетістіктерін жоспарлай отыра, саралап оқытылатын сабақтар жоспары болады.

Біліктілікті арттырудың нәтижесі оқу-әдістемелік жұмыс деңгейінде көрінеді. Өткен кезең нәтижелері бойынша, курста алған тәжірибесін әртүрлі әдісте өзгелерге үйретуде айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Мастер класстар өткізіліп, әдістемелік құралдар мен сабақ әзірлемелері басылып шығарылды. Астана қаласы Зияткерлік мектеп мұғалімдері Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арнап, «Астана геометриясы» атты тапсырмалар жинағын дайындады.

Әрбір Зияткерлік мектеп мәліметтер банкіне біліктілікті арттыру курстар қорытындысы бойынша ақпараттар енгізеді. Мұғалімдердің әзірлемелерінен оқу-әдістемелік құралдар бойынша маңызды материал жиналды. Сарапшылық бағалаудан кейін, Зияткерлік мектеп ішіндегі курстар бойынша оқу-әдістемелік кешендер жасалады.

2011 жылғы наурызда алғашқы Наурыздық кездесулер аясында физикадан сабақ беру әдісі бойынша физика-математикалық ғылымдар кандидаты С.А.Варламов физика мұғалімдеріне арнап семинар өткізілді. Наурыздық кездесулерге қатысқан республикалық жалпы білім беру мектептерінің физика пәні мұғалімдеріне арнап, Зияткерлік мектептердің мұғалімдері мастер-класстар көрсетті.

Астана қаласының Зияткерлік мектептері мұғалімдері Математиктердің бірінші съезінде «Оқушылардың зерттеу қызметіне көмектесетін инновациялық білім беру бағдарламасы саласын жетілдіру» мастер-класстар көрсетті. Мастер-класстар тақырыбы көбінесе біліктілікті арттыру курстарымен байланысты («Ақыл-ой қалыптастыру кезеңдік теориясы туралы», «Оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру бойынша жұмыстарынан тәжірибе», «Олимпиадалық тапсырмаларды шешу әдістері»). Республикалық ғылыми-практикалық конференция «Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның зияткерлік ұлт қалыптастырудағы рөлі», «II Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Зияткерлік ұлт: білім беру, ғылым, инновациялар» және т.б. материалдарға мақалалар жарияланды.

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі шетел мұғалімдері

Бейімдік пәндерді оқытудың халықаралық әдісін енгізу мақсатында шетел мұғалімдерін жұмысқа тарту жүзеге асырылуда.

Нормативтік-құқықтық базалар дайындалып, «Шетелдік жұмыс күшін жалдау Ережесі» және «Шетелдік мұғалімдерге қойылатын біліктілік талаптар» бекітілді.

2011 жылы стратегиялық әріптесімен бірге, әлемнің 36 елімен жұмыс істейтін Пәндерді тереңдетіп оқыту мектеп пен арнайы оқу орындарының қоры (SSAT)-мен жұмыс ұйымдастырылды.

Бұл - Ұлыбританиядан, АҚШ-тан, Жаңа Зеландиядан, Канададан, ОАР-нан халықаралық деңгейі бар жоғары білікті мамандар - пән мұғалімдерін жұмысқа қабылдауға мүмкіндік туғызды.

17-кесте. Шетелдік мұғалімдер білімінің деңгейі туралы ақпарат

Зияткерлік мектеп	Master	Bachelor	Жиыны
Астана қаласы ФМБ	5	2	7
Астана қаласы ХБ	3	1	4
Семей қаласы	5	1	6
Өскемен қаласы	5	3	8
Көкшетау қаласы	3	2	5
Талдықорған қаласы	3	2	5
Барлығы	24	11	35

Қосымша оқу және тәрбие жұмысы арқылы, шетел мұғалімдерінің лауазымдық міндеттер шеңбері айтарлықтай кеңейді. SAT, IELTS емтихандарын тапсыруға дайындықтар жүргізіліп, «Терең ойлы бейсенбілер» өткізуге белсенді қатысып, ағылшын тілінде «Жас маман мектебі», сыни хат клубы, жас актер мектебі өткізіліп, мектеп газеттері шығарылады.

Бұдан басқа, жоба аясында «team teacher» жүйесі енгізілуде, яғни, сыныпта бір уақытта қазақстандық және шетелдік мұғалімдер сабақ жүргізеді.

Сонымен қатар, Зияткерлік мектептер дамуының бастапқы кезеңінде жоғары білікті отандық мамандардың жетіспеуіне байланысты, бұл жоба өте қажет. Болашақта кадрлық құрам сапасы өскенде, шетел мұғалімдерін қазақстандық жоғары деңгейдегі мамандарға ауыстырылады.

4.3.2. Назарбаев Университетіндегі біліктілікті арттырудың жылдық курсы

Назарбаев Университетінде іске қосылған Зияткерлік мектептерге педагогтарды дайындау және Жаңадан ашылып жатқан Зияткерлік мектептерге алдын ала педагогтар дайындау жұмыстары кеңінен жүргізілуде.

2011 жылдан бастап, Назарбаев Университетімен бірлескен «Жаңадан ашылып жатқан Зияткерлік мектептер мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттырудың 1- жылдық курсы» атты ортақ жоба жүзеге асырылуда. Назарбаев Университетімен және UCL (University College London) бірге дайындалған бағдарлама бойынша 2011-2012 оқу жылында 100 педагог дайындалады.

Аталған жоба бойынша ақпараттық жұмыс ұйымдастырылды. Республика облыстарының әкімдері орынбасарларына хаттар жолданды. Курстың әлеуетті тыңдаушыларымен кездесулер өткізілді. Дербес білім беру ұйымының қызметкерлері, Назарбаев Университетінде жылдық курс болатындығы туралы Ақтөбе, Орал, Атырау, Ақтау, Тараз, Шымкен, Көкшетау, Петропавл, Алматы, Қарағанды және Павлодар қалаларындағы педагогикалық Жоғары оқу орындарының мұғалімдері мен түлектеріне ақпарат тарату бойынша жұмыс жүргізілді.

Британ Кеңесімен бірге, Астана, Алматы, Орал қалалары үміткерлеріне ағылшын тілінен IELTS емтиханын тапсыру ұйымдастырылды.

Іріктеу конкурсы қорытындысы бойынша 100 мұғалімнен тұратын топ құрылып, білім алуда.

18-кесте. Курс тыңдаушыларының IELTS емтихан қорытындысы

Емтиханның балдық нәтижелері	7,5-7,0	6,5-6,0	5,5-5,0	4,5-4,0
Мұғалімдер саны, адам	10	46	30	14

19-кесте. Өңірлер бойынша тыңдаушылар саны туралы ақпарат

№	Өңір	Мұғалімдер саны
1	Ақмола облысы	3
2	Ақтөбе облысы	9
3	Алматы облысы	4
4	Атырау облысы	3
5	Шығыс Қазақстан облысы	10
6	Жамбыл облысы	7
7	Батыс Қазақстан облысы	10
8	Қарағанды облысы	13
9	Қостанай облысы	2
10	Павлодар облысы	7
11	Солтүстік Қазақстан облысы	7
12	Оңтүстік Қазақстан облысы	4
13	Алматы қаласы	4
14	Астана қаласы	17
	Жиыны	100

20-кесте. Мамандықтар бөлінісінде педагогтар саны

№	Пән	Мұғалімдер саны
1	Ағылшын тілі	70
2	Биология	1
3	Химия	4
4	Информатика	6
5	География	2
6	Тарих	3
7	Қазақ тілі	3
8	Математика	7
9	Физика	2
10	Орыс тілі мен әдебиеті	2
Жиыны		100

Курс мақсаты - Зияткерлік мектептерде кадрлық потенциалды қалыптастыруда, заманауи, алдыңғы қатарлы педагогикалық теория мен білім берудің практикалық әдістерін меңгеру болып табылады. Курс бағдарламасы білім берудің инновациялық стратегияны, сыни көзқарас машықтарын дамытумен танысуды, сыныптардағы зерттеу жобалары әдістерін үйретуді қарастырады.

Ағылшын тілін жетілдіру курс түлектеріне заманауи әдістер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, ағылшын тілінде өз пәнінен сабақ беруге мүмкіндік туғызады.

Оқу әдісінің орталық элементі онлайн виртуалды оқу ортасы (moodle) болып табылады. Астана қаласындағы Зияткерлік мектептерде тәжірибе ұйымдастырылған. Оқудың тәжірибелік кезеңі пассивті және активті бөліктен тұрады. Курсты меңгеру сапасын бағалау үшін, міндетті түрде сынақ сабақтарын жүргізу керек.

Тыңдармандар курсты аяқтаған соң, IELTS емтиханы, Cambridge Teaching Knowledge Test (TKT) модулі арқылы тілдік және педагогикалық білімін тәуелсіз сырттай бағалаудан өтеді. Алынған мәліметтер негізінде біліктілікті арттыру курсының басталуы мен аяқталуындағы тілдік құзыреттіліктің динамикасы анықталады.

2011 жылы Зияткерлік мектептер педагогтарының біліктілігін арттыруда, әсіресе, Жаңадан салынып жатқан мектептерге алдын ала педагогтар дайындау жағынан өзара құрылымдық өсуге айтарлықтай қол жеткізілді. Өйткені, Назарбаев Университетінде 2010 жылы тек қана 10 мұғалім дайындалса, 2011 жылы 100 мұғалім дайындалды.

4.3.3. «Назарбаев Университеті» Дербес білім беру ұйымындағы «Сыни көзқарас» курсы

2011 жылдың ақпанында курс тыңдаушыларға іріктеу конкурсы жүргізілді.

Үміткерлерге келесі талаптар қойылды:

- мектепте сабақ беру тәжірибесінің болуы,

- IELTS нәтижесі 6.0-ден емес, оның өзінде курсқа қабылданатын болса, курс соңына дейін бұл көрсеткішті 7.5-ке дейін жақсарту шартымен.

Қазіргі уақытта Назарбаев Университетінің білім беру Орталығында 48 педагог UCL (University College London) мамандарының жүргізуімен «Сыни көзқарас» курсы бойынша білім алуда.

Біліктілікті арттыру курсы тыңдаушылар жайында келесі критериилер бойынша мәліметтер базасы құрылды: облыс/өңір, жынысы, жасы, білімі, педагогикалық еңбек өтілімі, біліктілік санаты жайла ақпарат, IELTS сертификатына сәйкес, ағылшын тілін меңгеру деңгейі.

Курс тыңдаушылары Қазақстанның 5 қаласының өкілдері, олардың көбі Астана қаласының тұрғындары.

Тыңдаушылар жас шамасы 22 мен 55 аралығында, бірақ, тыңдаушылардың 62%-ы 21 мен 30 жас аралығындағылар.

Кембридж Университетінің Халықаралық Емтихандар Бөлімінің сертификатын алған курс түлектері келісімшарт бойынша жаттықтырушы және модератор ретінде өз өңірлерінде курс өткізеді.

Оқу процесі 4 кезеңнен тұрады

21-кесте. Оқу процесінің кезеңдері

Кезең	Күні	Ұзақтығы	Оқыту нысаны	Мазмұны
1	2011 жылғы 28 - 31 наурыз	4 күн x 2 Параллель сессия, топта барынша 25 оқытушыдан	Іштей	Жалпы педагогика - белсенді оқыту - студентке бағдарланған оқыту - экспериментальды оқыту
2	2011 жылғы 27 маусым - 01 шілде	5 күн x 2 Параллель сессия, топта барынша 25 оқытушыдан	Іштей	Сабақтарды жоспарлау Тапсырмаларды бағалау Тиісті ресурстарды бейімдеу және пайдалану Сыни ойлау Қадағалау
3	2011 жылғы 05 қыркүйек - 15 қазан	онлайн режимінде 2 тренердің басшылығымен 6 апталық оқыту	Онлайн оқыту	СІСТТ тренердің басшылығымен курс: курс барысында ақпаратты жинау және бағалау
4	2011 жылғы қараша- желтоқсан	2 мектеп x 2 күн, 4 мектеп x 3 күн (қашықтығына байланысты)	Іштей	Аудиториялық (сыныпта) қадағалау және бағалау

«Назарбаев Университеті» Дербес білім беру ұйымында Білім беру Факультетінің ашылуымен мұғалімдер білім берудегі менеджмент мәселесі бойынша, зерттеулер ұйымдастыру және әлемнің ең үздік практиктерін оқып білу үшін, магистратурада оқи алады.

Біліктілікті арттырудың мақсаты - педагогтар өз білімдерін өзекті мәселелер мен білім берудегі тапсырмаларды шешуге пайдалана алуы. Басты принципі - ересек адамдардың тұлғалық дамыту. Осындай әдістер арқылы педагогтар процесс технологиясына, қимыл механизмі мен ойлауға үйренеді. Олар әрекет жасау, әрекет туралы білім енгізуге, педагогикалық қызметте өзін-өзі ұйымдастырудың зияткерлік құралдарын қолдану қабілеттеріне ие болады.

4.4. «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 2011 жылдың Ең Үздік мұғалімі» конкурсы

2011 жылдың 26 қарашасында Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепте «Назарбаев Зияткерлік мектептері 2011 жылдың Ең Үздік мұғалімі» конкурсының қорытынды кезеңі өтті. Конкурсқа мектепшілік конкурстың жеңімпаздары, Астана, Көкшетау, Өскемен, Талдықорған, және Семей қалаларындағы әрбір Зияткерлік мектептен 3 мұғалімнен 18 үміткер қатысты. Үміткерлер қатарында: бастауыш сынып мұғалімдері, математика, тарих, биология, химия, ағылшын тілі және т.б. мұғалімдер болды.

Конкурстың басты мақсаттары: педагогикалық қызметкерлердің шығармашылық қызметін дамыту, мұғалімдік беделді жоғарылату, Зияткерлік мектептер педагогтарының кәсіби шеберлігін арттыру.

Қорытынды кезең - қатысушылар қатардан асып түсетіндей кәсіптік, зияткерлік, шығармашылық қабілеті мен АКТ құзыреттілігін көрсететін 5 бөлімнен тұрды. Қатысушылар кәсіби шеберлік және жеке қасиеті, жеке стилі, педагогикалық қызметінің тиімділігі сынды критерийлер бойынша бағаланды. Барлық конкурстар қорытындысы бойынша: бірінші орын - Өскемен қаласы Зияткерлік мектебінің биология пәнінің мұғалімі Г.А. Имашпаеваға, екінші орынды - Астана қаласы Зияткерлік мектебінің физика-математика бағытындағы мектептің тарих пәнінің мұғалімі Ж.О.Ерниязоваға берілсе, үшінші орынды - Талдықорған қаласы Зияткерлік мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Н.В.Кулик және Астана қаласындағы Зияткерлік мектептің физика-математика бағытындағы мектептің орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Р.А.Шеляг иеленді. Конкурс жеңімпазына «Назарбаев Зияткерлік мектептері 2011 жылдың Ең Үздік мұғалімі» атағы берілді.

4.5. Зияткерлік мектеп педагогтарын аттестациядан өткізу

«Назарбаев Университеті, Назарбаев Зияткерлік мектептері, Назарбаев Қоры мәртебесі туралы» Заңның, Дербес білім беру ұйымының Жарғысы және Зияткерлік мектептер педагогтарын аттестациядан өткізу Ережесі негізінде Зияткерлік мектептер педагогтарын қызметтік бағалауды ұйымдастыру және өткізу үшін, Зияткерлік мектептер педагогтарын аттестациядан өткізу жүйесі әзірленді.

Негізгі ережелерді әзірлеуде педагогтарды аттестациядан өткізудің қазақстандық үлгісі ескерілді. Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Австралия, Жаңа Зеландия, Түркия және т.б. елдерінің халықаралық тәжірибесі қарастырылды.

Халықаралық және қазақстандық тәжірибені талдау педагогтарды аттестаттау мен аккредиттеуді ұйымдастыру мен өткізуде туындайтын басты үрдістер мен негізгі проблемалық аспектілерді көрсетуге мүмкіндік берді.


Біріншіден, бұл заман талаптарын ескере отырып орта білім беру құрылымының өзін қайта қараудың мәселесі, келесі түсініктер назарға алынады:

- Басқарудың айқындылығы (transparency),
- Білім беру мен оқыту процесіне оқушының жұмылдырылуы (leaner-centred education);
- Бұрынғы элитардық басқару әдісімен салыстырғанда, мектепішілік қауымдастық мүшелерінің әрбіреуін жекелеп алғандағы жауапкершілігінің артуы (responsibility);
- орта білім беру мектептерінің білім беру сапасы үшін қоғам алдындағы есеп беруінің (increased accountability) артуы.

Педагогикалық қызметкерлерді аттестациядан өткізу белгіленген контекстінде бірден бірнеше функцияларды атқарады:

- мектеп процесіне қатысты қызметкерлерге адами ресурстардың сапалық анализін жүргізу;
- ең үздік педагогикалық тәжірибелерді анықтау;
- педагогикалық өсуге ынталандыру.

4- сурет. Аттестаттау мен педагогикалық тәжірибенің өзара қатынасы



Ұсынылып отырған модель мұғалімдердің педагогикалық қызметін бағалауға қолданылады. Бұндай бағдарламалық әдіс - мұғалімді мектеп қауымдастығының жеке мүшесі ретінде бағалаудың объективті процесін қамтамасыз етеді.

Аттестация - жеке педагогты бағалау арқылы, педагогикалық кадрларды бірегей бағалау түрінде Зияткерлік мектептердің миссиясын жүзеге асыруға көмектеседі.

Педагогикалық аттестаттауды өткізу үшін:

- зияткерлік мектептерде педагогтарды аттестациядан өткізу Ережесі;
- педагогикалық шеберліктің деңгейін 6 деңгейлік жүйе бойынша: сынақ мерзімін өтуші мұғалім, мұғалім, мұғалім - модератор, мұғалім - сарапшы, мұғалім - зерттеуші және мұғалім - шебер деңгейлері бойынша бекіту үшін қажет кәсіби құзыреттілікті көрсететін біліктілік талаптар.
- аттестаттық тапсырмалар;
- өлшеуіштер әзірленді.

Егер, елдер бойынша аттестаттау мақсаттары бірдей болса, аттестаттау құралдары болса - бұл Зияткерлік мектептерінің ерекшеліктері мен білім беру әдеттерін ескеріп жасалған тәлғума жүйесінің өзегі.

Ұсынылатын аттестация моделі пән мұғалімдері ғана емес, сонымен қатар, мектепті басқару өкілдері мен әдістемелік қызметкерлерді де бағалауды көздейді.



5-ТАРАУ.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОНТИНГЕНТІ

5.1. Оқушыларды конкурстық іріктеу

Зияткерлік мектептердегі конкурстық іріктеу «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау ережесі мен мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы № 317 қаулысына (бұдан әрі - Ереже), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі №167 бұйрығына, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» акционерлік қоғамы Басқармасының 2010 жылғы 10 маусымдағы шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мамандандырылған білім беру ұйымдарына 1-6 сынып оқушыларын қабылдау туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Іріктеу конкурсын өткізу үшін, келесі құжаттар әзірленді және бекітілді:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің - 7-сыныптарына конкурстық іріктеу мен 8,9,10 сыныптарына қосымша іріктеу конкурсы бойынша қабылдауды ұйымдастыру және өткізу туралы» «Назарбаев Зияткерлік мектептері» акционерлік қоғамының Басқарма Төрайымының бұйрықтары;
- Зияткерлік мектептерге арналған сыныптар мен топтар саны;
- іріктеу конкурсын өткізу кестесі;
- конкурстық және апелляциялық комиссияларының құрамы.

Ережеге сәйкес Зияткерлік мектептерге 2-6, 7-10 сыныптарға оқушыларды қабылдау жаратылыстану-математика бағытының қиын деңгейіндегі бағдарламаларды меңгеруге дайындығы мен қабілеттілігін анықтайтын конкурстық іріктеу арқылы жүргізіледі.

2-10 сыныптарға конкурстық іріктеуге келесілер кіреді:

- негізгі пәндер бойынша білімді кешенді тексеру;
- бейімдік пәндер бойынша жазбаша бақылау жұмысы;
- тіл меңгеру деңгейін анықтау (қазақ, орысжәне ағылшын тілдері).

Өңірлерде конкурстық іріктеуді облыстық және қалалық білім беру департаменттері көмегімен ұйымдастырылды.

Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған және Өскемен қалаларындағы Зияткерлік мектептерге 7 сыныптарға және 8-10 сыныптардың бос орындарына және Орал қаласындағы 7-9 сыныптарға үміткерлерге конкурстық іріктеу арқылы қабылдау болды.

2011 жылы Астана, Көкшетау, Семей, Талдықорған, Өскемен, Орал қалаларындағы Зияткерлік мектептерге іріктеу конкурсы арқылы төрт конкурс өткізілді.

22-кесте. Оқушыларды конкурстық іріктеудің қорытындысы

Зияткерлік мектеп	Конкурстың қорытындысы бойынша гранттарға ие болғандардың саны										Жиыны, адам
	1 іріктеу, адам (маусым)			2 қосымша іріктеу, адам (тамыз)			3 іріктеу, адам (қазан)			4 іріктеу, адам (қараша)	
	7 сынып	8-10 сынып	Барлығы	7 сынып	8-10 сынып	Барлығы	7 сынып	8-10 сынып	Барлығы	2-6 сынып	
Астана қ. ФМБ	97	36	133								133
Астана қ. ХБ	98	33	131								131
Көкшетау қ.	126	18	144	20	16	36					180
Семей қ.	100	25	125	29	26	55					180
Өскемен қ.	100	41	141	21	11	32					173
Талдықорған қ.	96	63	159							58	217
Орал қ.							203	133	336		336
Жиыны	617	216	833	70	53	123	203	133	336	58	1350


Конкурстық іріктеу нәтижесінде Зияткерлік мектептерге 2011 жылы 1350 оқушы, оның ішінде 2-6 сыныптарға - 58, 7-10 сыныптарға - 1292 оқушы қабылданды.

Іріктеу конкурсының нәтижесі бойынша Зияткерлік мектептердің 6-сынып оқушылары басқа жалпы білім беру мектептерінің оқушыларына қарағанда жоғары нәтижелер көрсетті. Астана қаласындағы физика-математикалық бағыттағы Зияткерлік мектептердің 6-сынып оқушыларынан 48 өтініш түсіп, оның 40-ы (90%) шектілік деңгейге өтті.

Өскемен қаласындағы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектептің 7-сыныбының қазақ тіліндегі сыныбына 10 үздік үміткер жұмысының бірінші айналымының нәтижесі бойынша, 10 жұмыстың 9-ын аталған мектептің 6-сынып оқушылары орындаған.

Зияткерлік мектептердің 7-сыныпқа бос 720 орынның 284-ін Зияткерлік мектептердің 6-сынып түлектері алған, бұл - конкурсқа қатысқан Зияткерлік мектептердің 6-сынып оқушыларының 85% құрайды. Ал, 6-сынып түлектерінің барлығынан басқа жалпы білім беру мектептерінен 43 %-ы ғана бос орындарды иеленді.

Диаграмма 6. Шектілік деңгей алған Зияткерлік мектептерінің 6-сынып түлектерінің салыстырмалы көрсеткіштері



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау бойынша 2011 жылдың 28 шілдесінде, 27 тамызында және 17 қарашасында өткен республикалық комиссиялар конкурс іріктеуінің қорытындысын шығарды. Республикалық комиссия шешімімен 975 үміткерге грант берілді. Шектілік деңгейге қол жеткізген құрамы 121 үміткерден тұратын, резервті тізімді бекіту - 2011 жылдың жаңалығы десе де болады. Оқу жылы бойына бос орын пайда болған жағдайда резерв тізіміндегі үміткерлер қосымша конкурстан өтпестен, Зияткерлік мектептерде білім алуға шақырылады. Осылайша, 2011 жылы резерв тізіміндегі 19 үміткер Зияткерлік мектепке қабылданды.

2011 жылғы іріктеу конкурсының нәтижесі бойынша, оқушылар контингентін қалыптастыруға байланысты проблемалық мәселелер анықталды. Толығырақ айтқанда, үміткерлердің білімінің төмендігіне байланысты, Зияткерлік мектептерге қабылдаудың алғашқы конкурсында Өскемен, Семей, Көкшетау, қалаларында толықтай жинақтауға мүмкіндік болмаған соң, қосымша конкурстық іріктеудің қажеттілігі туды.

2012 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша Зияткерлік мектептерде 4 018 оқушы білім алады, оның 1482-і 1-6-сынып, 2536-сы 7-11-сынып оқушылары.